



● МӘСЕЛЕ



Қырдан аққан қар суы

заречныйлықтарды әбігерге салуда

Қарлығаш
ОСПАНОВА

Қостанай ауданындағы Заречный ауылының солтүстік шағын ауданы осыдан үш жыл бұрын бой көтерген болатын. Бірақ бұл елді-мекен әлі күнге дейін өркениеттің ауылынан алыста қалғандай күй кешуде. Жарық жеткенмен, көп үйге су, газ тартылып, көшелеріне жол төселмеген. Соның ішінде тұрғындар жолдың азабын қатты тартып отыр. Әсіресе, ауылдың орталық бөлігін байланыстыратын жалғыз жолды қыста қар, көктемде су басып тұрғындардың зықысын шығаратын көрінеді. Жолдың машақатынан бұл ауылға такси де, жедел-жәрдем де қатынай алмайды...

Биыл да қырдан аққан қар суы ауыл тұрғындарын әбігерге салуда. Ағын судың қарқыны ауыл арасындағы жолдарды шайып кеткен. Соның салдарынан ауылдағы жиырмадан астам тұрғын үй қызыл судың құрсауында қалып отыр. Абырой болғанда, төтенше жағдайдан ешкім зардап шеккен жоқ. Әйтсе де, судың қатты ағынынан шағын ауданға барар жалғыз жол жарамсыз болып қалған. Амалы таусылған елді-мекен тұрғындары үш-төрт күннен бері көліктерін жол бойына қалдырып, уақытша көпірмен қатынауға мәжбүр. Ал, айдалада қалған көліктерді бері кезекпен күзетуде.

— Қырдан аққан қар суы ауыл арасындағы жолдарды шайып, тұрғындарды әбігерге салуда. Жыл да солай, қыр жақтан құлдырап аққан қар суы ауылдың солтүстік шағын ауданындағы үйлердің бел ортасын басып өтіп, Тобыл өзеніне құяды. Сондықтан күн жылына бастағанда біз де тасқынға

төтеп берудің қамын ойлай бастаймыз. Әйтеуір биыл әкімдіктерілер уақытша көпір жасап, аз да болса жағдайымызды жеңілдетіп бергендей болды. Дегенмен, судың ағыны қатты, мына жасанды көпірден балалар өтеді, соған алаңдаймыз, — дейді ауыл тұрғыны Рәзия Рахимова.

Ауыл тұрғыны Абзал да өз күшімен баспанасын қорғап қалудың қамымен жүр екен. Шағын бөгеттер жасап, судың бағытын бұруға тырысуда. Оның айтуынша, қыста да, көктемде де қарды ешкім тазаламайды, тұрғындар өз күшімен өрекет етуге мәжбүр. Ең қиыны, бұл жерге такси де, жедел-жәрдем де келе алмайтын көрінеді.

— Өткенде көршілердің біреуі жедел-жәрдем шақыртты. Бірақ ми батпақтың кесірінен көлік өте алмады, дәрігерлер жаяу-жалпылап келуге мәжбүр болды. Бұл масқара ғой, қашанғы ауыл тұрғындары азап шеге беруі тиіс.

2-бет

● ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА БИЗНЕС

Уақыт найқалуды көтермейді

Айбек
КӘДІРҰЛЫ

Соңғы үш жылда өңірде бизнес-жоспарларды несиелендірудің көрсеткіші төмендеп кеткен. Мәселен, 2014 жылы берілген несиелердің тек қана 16,4 %-ы шағын кәсіпкерліктің үлесіне тиіпті. Өткен жылы оларға барлығы 34,6 млрд.теңге несиесі ұсынылған. Бұл 2013 жылмен салыстырғанда 31% -ға аз.

Бұл туралы бүгін облыс әкімі Нұралы Садуақасовтың қатысуымен өткен алқалы жиында

жан-жақты талқыланды. Кеңес жұмысына еліміздегі бірқатар қаржы институттарының жер-

гілікті өкілдіктері, аймақтық кәсіпкерлер Палатасының жетекшілері, аудан, қала әкімдері мен олардың орынбасарлары, кәсіпкерлер қатысты.

Жалпы, Тобыл өңірінде кәсіпкерлік нысандарын қаржыландыруға қатысты шешімін таппаған түйткіл көп. Мемлекет шағын және орта бизнесті дамытуға мүдделі болғанмен, екінші деңгейлі банктер асығар емес. Олар құжаттарды ұзақ қарайды. Ал уақыт найқалуды көтермесі анық. Екіншіден, қаржы институттары ұсынған несиелердің жылдық

үстемақысы белгіленген мөлшерден тым жоғары. Тағы бір проблема, облыстың шалғай аудандарында тұратын кәсіпкерлер несиесі рәсімдеу үшін ғана Қостанайға ай сайын, тіпті бір айда бірнеше мәрте келіп-кетеді. Өйткені, өңірлерде банк бөлімшелері жоқ. Мәселен, 100-ден астам банк бөлімшелерінің жергілікті жерлерде тек 24-і ғана жұмыс істейді. Жанкелдин, Наурызым және Аманкелді аудандарында қаржы институттарының тіпті бір де бір бөлімшесі ашылмаған.

Облыс әкімі екінші деңгейлі банк жетекшілеріне халыққа жақындау қажеттігін ескертті. Яғни аудандар мен қалаларда әр банктің өз бөлімшесі болуы шарт. Сонда ғана ауыл тұрғындары несиесі алу үшін облыс орталығына жүгіре бермейтін болады. Банк несиелері кәсіпкерлер үшін барынша қолжетімді болуы тиіс.

Арқалық қаласы әкімінің орынбасары Ерлан Теменовтың айтуынша, шағын кәсіпкерлікпен айналысқысы келетіндер банк жағалаудан қолдары босамайтын көрінеді.

2-бет

Облыс әкімі пасхамен құттықтады

**Қарлығаш
ОСПАНОВА**

Жексенбі күні христиан дінінің ежелгі әрі ең маңызды мейрамы – Пасха атап өтілді. Осыған орай қостанайлық православ қауымын айтулы күнімен облыс әкімі Н.Садуақасов құттықтап, денсаулық, бақыт пен игілік тіледі.

– Құрметті қостанайлық православтықтар, сіздерді жарқын да айтулы Пасха мерекесімен құттықтаймын. Құдайға шүкір, біздің елімізде бір шаңырақ астындағы әр ұлттың өкілдері тату-тәтті, бейбіт өмір сүруде. Бұл біздің ең басты құндылығымыз болып саналады. Сондықтан, елдегі тыныштық пен бейбітшіліктің, береке-бірліктің сақталуына үлес қосып отырған дін басыларына да айтар алғысымыз шексіз. Пасха мейрамы баршаңызға құтты болсын, – деді облыс әкімі Н.Садуақасов.

Жиылған қауымды маңызды мерекемен Қостанай және Рудный қаласының епископы Анатолий де құттықтап, облыс әкіміне алғысын білдіріп, пасхалық сый-сияпатты тарту етті.

Уақыт найқалуды көтермейді

1-бет Өз кәсіптерін ашқысы келетіндер бума-бума құжат әзірлеп, кепілдік мүліктерін сайлап барғанмен, екінші дәрежелі банктер уақытты жарты жылға дейін созады. Нәтижесінде дайын жобадан банк бас тартады. Облыс орталығы мен Арқалық қаласының арасы 500 шақырым. Екі араны алты ай бойы жол қылған кәсіпкерлер ақыры тауы шағылып, жобаларын жылы жауып қоюға мәжбүр.

Өткен жылы "Моноқалаларды дамыту" мемлекеттік бағдарламасының аясында бір ғана арқалықтық кәсіпкерлерден 34 өтініш келіп түсіпті. Өкінішке қарай, солардың төртеуі ғана мақұлданды.

– Әрине, банктердің өз талаптары бар. Алайда біздің ең басты міндетіміз – несие беру. Өздеріңіз білесіздер, қазір мемлекет моноқалаларға қаншама қаржы құйып жатыр. Ал банктерге жұрт сонау шалғайдан келуге мәжбүр, – деді Н. Садуақасов. – Мәселе дәл осылай жалғаса берсе, онда жағдайды одан әрі ушықтыра түсуіміз ықтимал. Бизнес дегеніңіз салық, қосымша жұмыс орындары. Сондықтан кәсіпкерлікті қолдауда ешқандай кедергі болмауы тиіс. Мемлекеттік бағдарламалардың шарапатын көргісі келетін шағын және орта кәсіп иелеріне нақты қолдау жасауымыз керек, – деді кеңесте облыс әкімі Нұрғали Садуақасов.

Назар аударыңыз: Конкурс!

Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы желтоқсандағы №250 Өкіміне сәйкес Қазақстанда жыл сайын "Мерейлі отбасы" Ұлттық конкурс өткізіледі.

Конкурсты дайындау және өткізу жөніндегі ұйымдастыру комитеті 2015 жылғы "Мерейлі отбасы" Ұлттық конкурсын жариялайды. Ол 3 кезеңде өтеді: бірінші кезең – аудандық (қалалық); екінші кезең – облыстық; үшінші кезең – республикалық.

Конкурсқа қатысуға өтінімдер тиісті құжаттар қоса тіркелген арнайы нысан бойынша аудандық (қалалық) әкімдіктерге 2015 жылғы сәуірдің 1-нен 30-на дейін беріледі.

Толық ақпаратты www.kaztube.kz сайтынан алуға болады.

"Бір халық – бір ел"

**Гүлназым
САФИТОВА**

Міне, осындай атпен облысымыздағы техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары оқушыларының арасында "Қазақстан Конституциясы – елдегі бейбітшілік және келісім кепілі", "Қазақстан халқы Ассамблеясы – өзара келісім арқылы өркендеу жолы", "Менің мамандығым – менің таңдауым" үш бағытта эссе жазу туралы байқау өтті. Байқауға өңіріміздегі колледждерден іріктелініп алған барлығы сексен бес жұмыс түсті. Эсседе студенттер ҚР Конституциясының баптары туралы өз ойларын жазып, еліміздің тарихы бойынша білімдерін көрсетті. Бірлік пен толеранттықтың үлгісі ретінде Қазақстан халқы Ассамблеясының маңыздылығы мен рөлі жайында өз ойларымен бөлісті. Қазылар алқасы ұсынылған жұмыстардың сапалылығын, жақсы деңгейін, өз мамандықтарына байланысты мәселелерді талқылауда студенттердің байыптылық пен белсенділік, ашықтық көрсеткендігін сол секілді эссе тақырыптарын ашу барысында мазмұнына шығармашылықпен, креативті және соны ойлау ерекшелікпен қарағандықтарын атады. Сонымен, байқаудың қорытындысында қазылар алқасы әр тақырып бойынша үш-үштен жеңімпазды анықтады. Ал, енді бірінші орындарды мысалы, "Қазақстан Конституциясы – елдегі бейбітшілік және келісім кепілінде" – Қазақстан агротехникалық колледжінің студенті Ақерке Құрақбаева, "Қазақстан халқы Ассамблеясы – өзара келісім арқылы өркендеу жолында" – Қостанай қызмет көрсету колледжінің студенті Валерия Архипова, "Менің мамандығым – менің таңдауымда" – Арқалық медициналық колледжінің студенті Елдар Ершетаев (қазақ тілінде) және Лисаков техникалық колледжінің студенті Михаил Гаранин (орыс тілінде) жеңіп алды.

Қостанайдан – Қызылордаға



**Махаббат
БЕКБАЙ**

Ағымдағы жылдың 6 сәуірінде Астана қаласында Қазақстан халқы Ассамблеясы жылының ресми ашылуы болды. Айтулы шара аясында, "Бейбітшілік және келісімнің жол картасы" жобасының шеңберінде "Қазақстан халқы Ассамблеясы 20 игі іс" эстафетасы басталды. Республикалық акцияның мақсаты әлеуметтік-маңызды жобаларды, қайырымдылық іс-шараларын өткізу. Яғни әлеуметтік аз қамтылған азаматтарға, соғыс және тыл ардагерлеріне, жетім балалар үйінің тәрбиеленушілеріне, аз қамтылған отбасыларға мемлекеттік мекенжайлы әлеуметтік көмек көрсетілмек.

Бірлік пен қонақжайлылықтың белгісі саналатын тайқазан – эстафета нышаны. Республикалық эстафета үшін тайқазанның көшірмесі жасалыпты. Ол



еліміздің барлық облыстары мен қалаларын аралап шықпақ. Қостанай облысы бұл маршруттағы 13-і өңір. Тобыл өңірінің делегациясын Қазақстан халқы Ассамблеясы облыстық хатшылығының меңгерушісі Бағытұр Дәндібаев және облыстық ішкі саясат басқармасының бастығы Жәнділде Мақанов басқарады. Қостанайлық өкілдер тайқазанды Ақтөбе облысынан әкелген еді.

20 игі істің нышаны тайқазан

Қызылорда облысының өкілдеріне салтанатты түрде табыс етілді. Одан кейін ол қарағандылықтар қолына беріледі. Сөйтіп, 14 сәуірде Астана қаласына қайта оралмақ.

Ал 23 сәуірде ірі істерге толған тайқазан Қазақстан халқы Ассамблеясының кезекті XXII-і сессиясында Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевқа тапсырылады.

Суретті түсірген Бағдат АХМЕТБЕКОВ.

Қырдан аққан қар суы

1-бет Қыста осы маңда бір үй өртеніп кетті, бетін аулақ қылсын қазір де сондай төтенше жағдай орын алса не болмақ, – дейді ауыл тұрғыны Абзал Арықов.

Облыстық төтенше жағдайлар департаменті мамандарының мәліметінше, қазіргі таңда су басқан аймақта кезекшілік топ ұйымдастырылып, судың ағысы қатаң бақылауға алынған көрінеді. Ал аудандық құрылыс бөлімінің басшысы Б.Сейдахметовтың айтуынша, бұл ауылдың мәселесі жергілікті билікке де мәлім екен. Сондықтан, олар қолдарынан келгенше жәрдем беруге тырысуда. Кешелі бері жырадан өтуге арналған ағаш өткелдер мен тастардан уақытша шағын көпірлер салынғандықтан, судың ағысы да бөсендеген. Сондай-ақ, шенеунік келер жылғы көктемге дейін ауыл шетінде үлкен бөгеттің салынатындығын айтады. Бұл мақсатқа 150 млн. теңге қарастырылған көрінеді. Соның арқасында мәселе түбегейлі шешімін таппақ,



яғни еріген қар суы жақын маңдағы көлге құйып, нәтижесінде ауыл көшелерін бұлай су баспайтын болады. Заречный ауылы, Қостанай ауданы.

● "САЛАМАТТЫ ҚАЗАҚСТАН"

Скринингтен өтті

**Қарлығаш
ОСПАНОВА**

Бүгінде елімізде тұрғындардың денсаулығын жақсарту мен олардың медициналық қызметке қолжетімділігін қамтамасыз етуге ерекше мән берілуде. 2011-2015 жылдарға арналған мемлекеттік "Саламатты Қазақстан" бағдарламасында да осы мақсаттарды жүзеге асыру керектігі міндеттелген болатын.

Аталған бағдарлама аясында бүгін облыстық салауатты өмір салтын қалыптастыру проблемалары орталығы мен қаламыздағы №1 емхана мамандары облыстық әкімдікте қант диабетінің алдын алу мақсатында арнайы акция өткізіп, елуге жуық мемлекеттік қызметкер скринингтік тексерістен өтті. Мамандардың ай-



туынша, скринингтік тексеру аурудың бастапқы кезеңін айқындап, уақытылы ем қабылдауды, сауығып кетуді қамтамасыз етуге, сондай-ақ, асқынуда, мүгедектікке және өлімге әкеліп соқтыратын аурудың күрделі түрінің дамуын тоқтатуға мүмкіндік береді.

– Осы бағдарлама бойынша қант диабетін анықтау мақсатында қосымша тексерістен өтуге болатынын көбісі білмейді. Әрі қызметтегі қала адамының өз бетінше ауруханаға барып тексерілетін өтуіне қолы тие бермейді. Міне, сол себепті де біз арнайы мекемелерге барып, осындай

акциялар ұйымдастырудамыз. Мұның алдында қалалық салық басқармасында, облыстық сотта болған едік. Жалпы, диабет – кең таралған созылмалы сырқаттардың бірі. Бұл дерт бүгінде бүкіл дүниежүзін қамтып отыр, әсіресе дамыған елдерде көп таралуда. Аурудың пайда болуының ең басты себептерінің бірі – бұл дұрыс тамақтанбаудан болған артық салмақ пен физикалық белсенділіктің аз болуы, – дейді бағдарлама үйлестірушісі Рабиға Наукенова.

Иә, өзінің болашағын, денсаулығын ойлаған әрбір азамат скринингтік тексеруден өтуі тиіс. Түсіне білген адамға, бұл – елдің денсаулығын нығайту мақсатында жасалып жатқан зор мүмкіндік. Орталық мамандары тексеруден өткен мемлекеттік қызметкерлердің қан қысымы мен қандағы қанттың, холестериннің мөлшерін анықтап қана қоймай, денсаулықты күту туралы кеңестер беріп, тегін брошюролар таратты.

● ЖАСТЫҚ ШАҚТЫҢ ЖАРҚЫЛЫ

Бүгіндегі жастарға оқу міндет...

Гүлназым САҒИТОВА

Қазір – білім ғасыры. Білім бәсекесінің заманы. Ел келешегі де, экономикасының қарыштап дамуы да жас жеткіншектеріміздің білімі мен тәрбиесіне тікелей байланысты. Олардың алған білімі қаншалықты жоғары болса, мемлекетіміздің әлемдік қауымдастықта бәсекелестікке қабілеті де соны биікте болмақ емес пе. Сондықтан да аталарымыз "Білекті бірді, білімді мыңды жығады" деп бекер айтпаған шығар. Соның дәлелі ретінде облыс орталығындағы балалар шығармашылығы үйінде республикалық пән олимпиадасы мен ғылыми жобалар байқауында үздік атанған қала мектептерінің бір топ оқушыларымен, сондай-ақ білім шыңына жетектеген олардың ұстаздарымен кездесу салтанаты болып өтті. Оқушылар мен педагогтардың білімдегі табыстарын Қостанай қаласының әкімі А.Ахметжанов құттықтап, сыйқұрмет көрсетті.

Салтанат барысында қалалық білім бөлімінің жетекшісі В.Цымбалюк шағын баяндама жасап, оқушыларымыздың республикалық пән олимпиадасында, ғылыми жобалар байқауында көрсеткен үздік көрсеткіштеріне шолу жасады. Атап айтсақ, қала мектептерінің талапты оқушылары үстіміздегі жылғы Орал мен Атырау қалаларында өткен қорытынды республикалық пән олимпиадасы кезеңінде өздерінің білімділіктерін көрсетіп, жиырма медальға: бес алтын, бес күміс, он қола ие болды. Соңғы үш жылдың ішінде Қостанай қаласы мектептерінің оқушылары білім сайыстарында көрсеткен жетістіктері жиырма бес пайызға өскен. Мы-



салы, 2013 жылы пән олимпиадасында он медальға ие болса, үстіміздегі жылы ол көрсеткіш 22-ға жетіп отыр. Республика деңгейінде өткен білім байқауларында әсіресе, С.Мәуленов, М. Горький атындағы гимназиялардың, физика-математикалық лицейдің, №9, 17, 23 орта мектептері мен №1 мектеп-лицейінің оқушылары үздік жетістіктерге жетіп, жүлдегерлер қатарында көрінді.

– Қостанай қаласының олимпиада командасы бірінші рет география пәнінен үш алтын, ағылшын тілінен екі алтын, қазақ мектептеріндегі орыс тілі пәнінен екі күміс, бір қола, сонымен бірге химия пәнінен екі қола жеңіп алды. Бұл дегеніңіз үлкен жетістік. Оларды біз мақтаныш тұтамыз, – деді В.Цымбалюк.

Содан кейін білім жеңімпаздарын қала әкімі құттықтап, жылы лебізін білдірді.

– Мемлекет келешегі білімді жастарымыздың қолында. Сіздердің жетістіктеріңіз ең алдымен ата-аналарыңыздың, ұстаздарыңыздың, білім алып отырған мектептеріңіздің жемісі. Қала мектептерінде креативті, шығармашыл педагогтар жұмыс істейді. Барлықтарыңызға табыс тілеймін. Сол секілді келешекте ұстаздар, оқушылармен қатар, мүмкін, жеңімпаздардың ата-

аналарын да марапаттау қажет шығар. Ынталандыру ретінде тіл пәндерінен бірінші орын алған оқушыларға шетелге бес не он күнге жолдама берген дұрыс болар. Қаражат мәселесі шешілсе, бұл да ойланарлық мәселе, – деді өз сөзінде Қостанай қаласының әкімі А.Ахметжанов.

– Оқушым Алмагүл Тапаеваның республикалық пән олимпиадасынан орыс тілі пәні бойынша екінші орын алғанына өте қуаныштымын. Оқушым бесінші сыныптан бері байқауларға қатысып келеді. Үнемі үздіктер қатарында. Сол секілді әріптесім Сүлейменова Мағияны да құттықтаймын, оқушысы Дана Ишмұхамбетова күміс медаль жеңіп алды, қазір ол 10 сыныпта оқиды, – деді бізге Қостанай қаласындағы №9 қазақ орта мектебінің мұғалімі Әлия Жүнісова.

– Әрине, жүлдегер болғаныма дән ризамын. Осындай білім берген ұстазыма, көп қолдау, демеу болған ата-анама да рахмет. Биыл мектепті бітіремін. Білім грантына ие болғанымға қуаныштымын. Еліміздегі барлық жоғары оқу орындарының бірінде білім алуыма мүмкіндік бар. Мен Астана қаласындағы Гумилев атындағы Еуразия университетінде білім алғым келеді, – деді Алмагүл Тапаева.

Салтанат аясында республикалық пән олимпиадасы, ғылыми жобалар байқауында үздік көрсеткіштерге жеткен оқушылардың ұстаздары, мектеп ұжымдары ақшалай сыйлық пен мадақтамаларға ие болды. Естелікке салтанат иелері суретке түсті.

СУРЕТТЕ: салтанаттан көрініс.
Суретті түсірген Бағдат АХМЕТБЕКОВ.

● ФУТБОЛ

Сырт алаңда үш ұпай

Әлібек ЫБЫРАЙ

Қостанайдың "Тобылы" ел чемпионатының 6-шы турында "Атырау" командасымен кездесті. Матч мұнайшылардың "Судоремонтник" стадионында өтті. Турнир кестесінде жетінші, сегізінші орындарға жайғасқан қос қарсылас бұл жолы да жақсы ойын өрнегін көрсетті. Кездесудің алғашқы бөлігінде алаң иелері А.Петухов қақпасына үш мәрте қауіп төндіргенмен еш нәтиже шығара алмады. 36 минутта өзіне тиесілі мүмкіндікті сәтті пайдалана білген Уче Калужир Нарзикулов қақпасының кілтін тапты. 0:1!

Командалар осындай есеппен үзіліске кетті. Екінші таймның басында "Атырау" футболшылары тағы бірнеше мәрте шабуылдап, қостанайлықтардың мазасын қашырды. 68-ші минутта жерлестеріміздің алаңында ойын тәртібі бұзылып, сол жерден айып добын орындаған "Атыраудың" сапындағы украиналық легионер Владимир Аржанов "Тобыл" қақпасын дәл көздеді. 1:1.

Бірақ атыраулықтардың қуанышы ұзаққа барған жоқ. Командаластарының алға асырған пасын аяқ ұшына іліп алып, алаң иелерінің қақпасына қарай тартқан Уче Калужир Майкл Одибе жеңінен тартып тоқтатты. Бұл ойынның 73-ші минуты болатын. "Атырау" ойыншысының бұл қылығын ерсі көрген қызылордалық бас қазы Денис Измайлов ойланбастан пенальти белгіледі. Мүмкіндікті Игорь Бугаев жіберген жоқ. 2:1!

Сөйтіп, жерлестеріміз бұл жолы да ерледі! Енді



"Тобыл" 15 сәуір күні "Ақтөбе" командасын қабылдайды.

Турнир кестесі			
№	Командалар	О	Ұп
1	Қайрат	7	14
2	Ордабасы	6	12
3	Астана	6	11
4	Оқжетпес	6	9
5	Тобыл	6	8
6	Тараз	6	7
7	Ақтөбе	5	7
8	Ертіс	7	7
9	Қайсар	5	6
10	Атырау	6	6
11	Шахтёр	6	4
12	Жетісу	6	3

Тобыл Торғай Тынысы

Меморандумға қол қойылды

Облыста. Ақпан айында еліміздің денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігі мен фармацевтикалық фирмалар арасында дәрі-дәрмек бағасын ұстап тұру туралы меморандумға қол қойылған болатын. Осыған орай, Қостанай облысында да 123 дәріханамен меморандум жасалды. Енді өңірде дәрі-дәрмек бағаларына, соның ішінде меморандумға кіретін 200 дәрі-дәрмектің бағасына ай сайын мониторинг жүргізіліп отырады.

"Жеңістің туы желбіре!"

Қамысты. Облыстық көркемөнерпаздарының биылғы XXIX халық шығармашылығы облыстық фестивалі Ұлы Жеңіске 70 жыл және Қазақстан халқы Ассамблеясының құрылғанына 20 жыл толуы құрметіне "Жеңістің туы желбіре!" деген атпен өтті. Фестивальға аудан-қалалардан келген өнер ұжымы мен орындаушылар қатысты. Жалпы дайындық жыл бойы жүрді десе болады. Өйткені, аудандар мен қалаларда, ауылдарда көркемөнерпаздардың есеп беру концерті болып, оған 500-ден аса талант қатысты. Фестиваль соңында үздік шыққандар дипломмен, ақшалай сыйлықпен марапатталды.

Бірінші жеңіс

Облыста. Е.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінде өткен республикалық пікірталас сайысына Қостанай академиясының "Тәртіп және заң", "Свобода слова", "Две звезды" командалары адамның құқығы бойынша өзекті мәселелерді тиімді жолдармен талқылауда өздерінің білімдерін, шешендік шеберліктерін көрсетті. Нәтижесінде пікірсайысшы тыңдаушылар ойында көрсеткен белсенділіктері үшін алғыс хаттармен марапатталды. Ал "Тәртіп және заң" командасы ойынға төрелік жасаған төрешілердің тарапынан оң бағаға ие болып, "Жыл жаңғырығы сілкінісі" номинациясын иеленді.

Қайыр сұрағаны үшін қамалды

Қостанай қ. Мамандандырылған әкімшілік сотында ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық Кодексінің 449 б. 2 б. бойынша 1974 жылы туған азаматшаға қатысты іс қаралды. Қала тұрғыны Степной көшесі бойындағы "Гранит" дүкені маңында өткінші азаматтардан қайыр тілеп, киіккен. Осылайша, әйел бір жыл ішінде бірнеше рет ҚР ӘҚБтК 449 б. 26. бойынша құқық бұзушылық жасаған. Сот қаулысымен ол бір тәулік қамаққа алу түріндегі әкімшілік жазаға кесілді.

Жүлдемен оралды

Жанкелдин. Облыс орталығында өткен жас музыкант балалар музыка мектептерінің халық бөлімі мен өнер мектептерінің оқушылары арасындағы 49-шы облыстық білім беру сайысына А.Әлібаева жетекшілік ететін домбыра бөлімінен А.Балтабаева, Ж.Сәбитбек, Б.Кожасағиевтің домбыра бөлімінен Ш.Айбекқызы қатысты. Нәтижесінде А. Балтабаева мен Ш. Айбекқызы жүлделі ІІІ орынды жеңіп алды. Ал байқау жүлдегерлерін дайындағаны үшін бөлім жетекшілері Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының мадақтамасымен марапатталды.

Көркемөнерпаздардың концерті

Қарасу. Аудандық білім бөлімінің қызметкерлерінің арасында көркемөнер шеберлерінің байқауы болып өтті. Сайыс Жеңістің 70 жылдық торқалы тойына арналды. Сондай-ақ Қазақ хандығының 550 жылдығы мен Қазақстан халқы Ассамблеясының 20 жылдық мерейтойы кеңінен қамтылды. Мерекелік концертке қатысқан ұстаздар күні бойы әуелете ән шырқап, мың бұрала би билеп көрермендерді үлкен әсерге бөледі.

Теңбіл допқа таласты

Ұзынкөл. Аудандағы спорт мектебінің спорт залында мектеп оқушылары арасында шағын футболдан турнир өтті. Турнирге 7 команда қатысты. Додада спорт мектебінің футболшылары жеңімпаз атанды. Екінші орынды соколдықтар, үшінші орынды "Суворовское-2" командасы жеңіп алды. "Үздік қақпашы" – Б.Литвинов, "Үздік қорғаушы" – А.Абай, "Үздік ойыншы" – Д.Котляков атанды. Жеңімпаздар марапатқа ие болды.



Бірлік – болашақтың кепілі

Ынтымақ, бірлік, келісім – Қазақ елінің азаттық алғалы бергі ұраны. Биылғы жылдың маңызы жоғары. Қой жылы ең басты құндылықтарымыз – Тәуелсіздігімізді, бірлігімізді, Қазақстан халқының бірлігі мен келісімін сақтауға арналады. Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев "Қазақстан халқы Ассамблеясының жылы" деп жариялағаны әр қазақстандық үшін маңызды.

Ассамблея дегеніміз – ең алдымен бірлік пен татулық. Ұлттар арасындағы сыйластықтың гүлдене түсуіне Ассамблеяның қосып отырған үлесі зор. Берекесі мен татулығы жарасқан елдің шаңырағы биік болатыны сөзсіз. Олай болса, ассамблея, ең әуелі, құтты мекеннің бірлігі мен тірлігіне сызат түсірмеуді көздейді. Қазақстан халқы Ассамблеясы өзінің құрылған кезінен бастап орасан біріктірушілік және зияткерлік әлеует жинақтап және халықтық дипломатия институты үлгісіне бейімделе отырып, ұзақ даму жолынан өтті. Елімізде 100-ден аса этнос бар дейтін болсақ, сол ұлттың басын біріктіретін бірегей құрылым тұрақтылықты сақтап, республиканың ілгерілей дамуы үшін маңызды роль атқарды.

Осы 20 жыл ішінде Қазақстан халқы Ассамблеясы бүкіл әлемге Қазақстанның этносаралық қатынастар саласында жүргізіп отырған саясатының табысты екенін паш етіп келеді. Бұл мақтанарлық дүние. Ұйым елімізді мекендейтін барлық ұлттар мен этностардың басын қосып, мүдделерін, құқықтарын

бір арнаға түйістірді. Әрбір ұлттың тегіне, дініне, көзқарасына қарамастан, барлық азаматтардың құқықтары мен еркіндіктерінің бұлжытпай сақталуын қамтамасыз етті. Осы мақсатта біздің де қаламызда Достық үйі есігін айқара ашқан еді. Мұнда түрлі ұлт өкілдерінің бас біріктіріп, жұмыс істеуі осы сөзіміздің дәлелі бола алар еді.

Бүгінде Қостанай облысында өмір сүріп жатқан түрлі ұлттар мен ұлыс өкілдері облысымыздағы қандай да болмасын қоғамдық іс-шаралардан тыс қалған емес. Қан-



Еліміздің Президенті Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстан халқы Ассамблеясын құру идеясын алғаш рет 1992 жылы Тәуелсіздіктің бірінші жылдығына арналған Қазақстан халықтарының форумында жеткізді. 1995 жылғы 1 наурызда оның мәртебесін Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы консультативті-кеңесші орган деп бекіткен Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқы Ассамблеясын құру туралы Жарлығы шықты. Өз тарихында Ассамблея ҚР Президенті жанындағы консультативті-кеңесші органнан мықты құқықтық негізге және қоғамдық-саяси мәртебеге ие конституциялық органға дейін өсті. Ассамблея мемлекеттік ұлттық саясатты әзірлеуге және жүзеге асыруға, Қазақстан Республикасындағы қоғамдық-саяси тұрақтылықты қамтамасыз етуге ықпал жасайды.

дай шара болмасын олар белсене кірісіп кетеді. Қазақ халқымен қоса өзге ұлттардың да мәдениетін, дәстүрін құрметтеп, таныс болып та жатырмыз. Енді жыл бойында аталмыш мерейтойға арналған алуан түрлі мәдени және спорттық іс-шаралар өтеді деп күтілуде. Үлкен шаралар жыл аяғына дейін жүргізіледі деп жоспарлануда. Барлығы да этносаралық толеранттылықты, қоғамдық

келісімді, достық пен Қазақстандағы бірлікті нығайтуға арналмақ. Солардың барлығында да Достық үйінде біріккен ұлт өкілдері бір кісідей қатысып, астықты өлкенің мерейін тасытатынына кәміл сенеміз.

Бірлігі берекелі, тірлігі мерекелі, ынтымағы жарасқан елдің ғана ырысы мен табысы мол болмақ екені сөзсіз. Түптеп келгенде, Ассамблея еліміздегі халықтардың тұрмыстық деңгейдегі ұлтшылдықтың пайда болуына жол бермейтін, бір-біріне төзімділікке, шыдамдылыққа тәрбиелеуді дәріптейтін ең маңызды ұйымның бірі болып саналады. Осының нәтижесінде әрбір қазақстандық кең ауқымды ойланyp, достық пен өзара түсіністікті бағалай білгені жөн.

Міне, сондықтан да Қазақстан халқы Ассамблеясы осы құжаттың мәдениет, бейбітшілік, руханият және келісім мәселелерін талқылауға арналуы тегіннен-тегін емес. Себебі, Елбасы айтқандай, Тәуелсіз Қазақ елінде бәрі бар. Тек қана көпұлтты ұлттар мен ұлыстардың арасында өзара түсіністік, тату-тәтті береке-бірлік пен ынтымақ және рухани құндылықтарға деген адалдық ауадай қажет. Мұның маңыздылығын баршамыз да түсіне білгеніміз жөн.

Шындығында, ел бірлігі болмаса, онда экономика мен әлеуметтік даму, тәуелсіздік пен тұрақтылық туралы сөз қозғалмас еді. Олай болса, бірлігіміз, татулығымыз бен берекеміз, достығымыз ұзағынан болсын!

Е.ӘБДІРАХМАНОВ,
Облыстық әділет департаментінің басшысы,
"Қазақстан заңгерлерінің одағы" Республикалық қоғамдық бірлестігінің Қостанай облыстық филиалының төрағасы.

●ЭКСПО – 2017

ЭКСПО-ҒА ЕКІ ЖЫЛ ҚАЛДЫ

Жұматай КӘКІМЖАНОВ

Жаһандық жаңғыртудың жаршысы, индустриаландырудың жарқын көрінісі, техникалық және технологиялық жетістіктердің көрмесі – "Экспо – 2017" жобасының жүзеге асырылуына да екі-ақ жыл қалды. Тарихи өлшеммен қарағанда, қас-қағым сәтке баланған уақыттың ішінде қазақ елі жарқын болашағы мен жаһандық технологиялармен әлемді аузына қаратуы тиіс. Қазіргі таңда осы бағытта ауыз толтырып айтарлықтай істер тындырылуда. Елбасымыздың бастамасымен, "Экспо – 2017" жобасын жүзеге асыруға бағытталған кешенді жоспарлар құрылып, Үкімет тарапынан қомақты қаржы құйылууда.

Қос бүйірден қысқан қаржы дағдарысында қыруар шығынның қайтарымы қандай болмақ?! Осы тұрғыдан келгенде, ел пікірі екіге жарылып жатқаны жасырын емес. Бәз біреулер мұндай жобаның түкке қажеті жоқтығын айтып, бұған кетер шығынды әлеуметтік салаға жұмсау қажет деген ұстанымда. Ал, ел болашағынан үміт күткендер осы көрменің күшімен, әлемнің азулы елдерімен иық тіресер күнге жетерімізге нық сенімді.

Елордасында өткелі жатқан "Экспо – 2017" көрмесіне әлемнің жүзден астам мемлекеті, халықаралық ұйымдар қатысады деп күтілуде. "Болашақтың энергиясы" жобасына бас-аяғы 3 миллионға жуық адам келеді деп жоспарланған. Көрме аясында табиғатқа ешбір зияны тимейтін, баламалы энергия көздерінен қуаттанатын құрылғылар көрермен назарына ұсынылмақ. Заманауи технологияның тілін игерген 50-ден астам компания "Экспо – 2017" көрмесіне қатысуға өтініш, тілектерін білдірді. Сондай-ақ, жоспарланған жүз мемлекеттің 10-ы осы жобаға қатысарын ерте бастан ескертіп қойды.



Орта-Азия аймағында, ТМД көлемінде мұндай жобаны тұңғыш болып, жүзеге асыру мәртебесінің қазақ еліне бұйырғаны көңіл қуантады. Қазақстанға мұндай көрме – мақтан үшін емес, болашақ үшін қажет! Осы жоба аясында шетелдік инвесторларды елімізге көптеп тартып, туристік саланы дамытуға зор мүмкіндік туар еді. . .

Жер шарындағы болып жатқан құбылыстар мен қақтығыстар қалталы азаматтардың бизнесіне нұсқан келтіріп жатқанын әлемдік бұқаралық ақпарат құралдары жарыса жазуда. Әсіресе, Орта Азия елдеріндегі инвестициялық жағдай мәз емес. "Орта Азиядағы шетелдік инвесторларға төнген саяси қауіпті елдерді анықтау" мәселесін көтерген шетелдік сарапшылар – осы аймақта қалталыларға қазақ елі қауіпсіз деген тұжырымға келіпті. Біздің елдегі шетелдік салымға төнер қауіп 18 бал-

лдан аспаған болса, Түркіменстан – 33, Өзбекстан – 38, Қырғызстан – 39, Тәжікстан – 43 баллға табан тірепті. Сарапшылардың ең қауіпті деп 50 баллды есепке алғанын айта кеткен абзал.

Онсыз да, Қазақстан атауын Ауғанстан, Қырғызстан, Тәжікстанмен шатастырып жүретін шетелдіктерге "Экспо – 2017" көрмесі – бет бұрар шамшырағы болуы тиіс. Олай дейтініміз, "Экспо" көрмесін өткізген елдердің барлығы дерлігі осы шараның нәтижесінде, әлемдік аренада өз орындарын нықтап алды. Тарихи деректерге жүгінер болсақ, "Экспо" көрмесі АҚШ-та – 21 рет, Франция – 9, Бельгия – 8, Ұлыбритания, Италия, Жапон елдерінде 4-тен, Австралияда екі рет, Корея, Венгрия, Германия, Португалия сынды елдерде бір-бірден ұйымдастырылған екен. Адамзат тарихында 66-рет қолға алынған шараның

соңғысы Түркияда өтті. Аталған елдердің арасынан олқысын көрдіңіз бе?!

Жалпы алғанда, "Экспо" көрмесі тұңғыш рет 1851 жылы Ұлыбританияда бастау алған екен. Лондонның "Гайд-паркінде" орналасқан көрмеде өндірістік революцияның жетістіктері ұсынылған. Өндірістік тауарлар мен өңдеуші құрылғылар, алғашқы машиналар, көлөнер бұйымдары көрсетіліпті. Әлемдік шараны әркімнің есінде қалдыру мақсатында, әрі күн сәулесін тиімді пайдаланудың жолдарын жиналғандарға көрсету үшін,

Британия принці Альберттің басшылығымен алып "Хрусталь сарайы" салынған. Қаңқасы болаттан құрылып, шынымен көмкерілген ғимарат – сол кезден-ақ адамзаттың экологиялық қауіпсіздікті көксегенін көрсеткен еді. Алғаш рет ұйымдастырылған ауқымды көрмені тамашалауға сол кезде 6 миллионнан астам адам жиналған көрінеді. "Эксподан" түскен табыс мөлшері британдықтардың шығынын тұтасымен жабуға жеткен. Британдықтардың бастамасын француздар бірден іліп әкетеді. Олардың да табысқа кенелгенін тарихтан ақтарып білуге болады. Содан бері көрме уақыт оздырмай өткізіліп келеді. Араға 165 жыл салып, қазақ елі де экологиялық қауіпсіздік мәселесін көтеріп отыр. Шегер шығынымыз шаш етекте. Түссер табысы да қомақты. Қалай десек те, әлемнің әрбір елі өткізуге құмартып жүрген "Эксподан" табарымыз да, ала-рымыз да мол болмақ.

● БҮГІНГІ КҮННІҢ БҮЛКІЛІ

Жұматай
КӘКІМЖАНОВ

Алсаң – арзанға, сатсаң – қымбатқа жіберу нарықтың жазылмаған заңы. Қаржы дағдарысы белең алғалы бұл қағиданың да берекесі кеткен сыңайлы. Олай дейтініміз, қыруар қаржы салынып жасалған тауарлар тиісті бағасына өтпей кәсіптің күші, қарапайым қызметкердің еңбегі еш кетуде. Жұмыр жер

қысымның салдарынан, біздің елдегі сауда-саттық кібіртіктеп қалды. Жылжымайтын мүлік саудасымен шұғылданатын "krisha.kz" порталындағы ақпаратқа жүгінер болсақ, ел ішіндегі сауда 20-30% дейін төмендеді. Екінші сатылы баспана бағасы айтарлықтай арзандап, отандық қымбат құрылыс материалдарымен тұрғызылған ғимараттар қозғаусыз қалды. Уақыт өте олардың да бағалары бір жөнге келе бастады.



Басты мәселе – БАСПАНА

бетін жайлаған экономикалық тоқыраудың салдарынан тауардың да, қызметтің де құны кетті.

Экономикалық құнсыздану – еліміздегі жылжымайтын мүлікке де әсерін тигізді. Атап айтар болсақ, Қазақстандағы дүние-мүліктің бағасы түсіп кетті. Нәтижесінде, күші жеткендер көлігін көбейтіп, үйін кеңейтіп, әлеуетін арттырды. Ал шамасы жетпегендері баспананы қалай жалдап жүрсе, сол күйінде жүріп жатыр. Олар үшін өзгерген дөңеңе жоқ.

Жалпы алғанда, еліміздегі жылжымайтын мүлік саудасының тоқырауы былтырғы жылдың желтоқсан айынан бастау алған болатын. Көрші елге жасалған экономикалық

Жылжымайтын мүлік нарығындағы сауда-саттық үстіміздегі жылдың ақпан айында ғана жанданды. Ресми деректерге қарағанда, жылдың екінші айында еліміз бойынша 12 282 баспана сатылыпты. Бұл қаңтармен салыстырғанда 7,9% жоғары. Салыстырмалы түрде айтсақ, бір айда Алматыда 1576 баспана сатылып, қаңтар айындағы көрсеткішпен салыстырғанда 12,8% өскен. Ал былтырғы жылдың дәл осы мезгілімен сәйкестендірсек, пәтер саудасының 30% қысқарғанын аңғару қиын емес. Қызылорда осы арада 244 баспана саудаға салынды. Ақмоладағы сауда 11,5%, Ақтөбе - 12,3%, Атырауда - 15,8%, Батыс Қазақстан облысында 4,4%,

Қарағанды қаласында - 11,4%, Оңтүстік Қазақстан - 3%, еліміздің шығыс жағында 2,8 % жоғарылаған.

Ал Қостанай облысындағы көрсеткішке көз тоқтатар болсақ, ақпан айында 630 баспана сатылымға түсіпті. Оның 403-і пәтер болса, қалғандары жер үй. Қаңтар айымен салыстырғанда, сауда 1,4% жақсарған. Былтырғы жылдың осы мезгіліндегі көрсеткіш - қазіргіден 7,4% жоғары. Біз келтірген мәліметтің екінші деңгейлі баспаналарға тиесілі екенін айта кеткен жөн.

Жаңадан тұрғызылған үйлерге қатысты жүргізілген "ranking.kz" сараптау агенттігінің ақпаратына қарағанда жайда жылына жиырма

пайызға қымбаттап отыратын жаңа үйлердің бағасы 4,5% ғана көтерілген. Елімізде жаңадан салынған, жақсы жабдықталған баспаналардың әрбір шаршы метрі 224 мың теңгеден сатылып жатқанда, Талдықорған, Ақтөбе және Қостанайдағы баға 187 мың теңгенің шамасында тұрақтапты. Облыстық статистика департаментінің ақпаратына жүгінсек, жыл басынан бері облыста 43 643 шаршы метр баспана қолданысқа енгізілген. Бұл былтырғы жылдың дәл осы мезгілімен салыстырғанда, 32,6% жоғары. Мемлекеттік қолдаудың арқасында салынып жатқан үйлердің әр шаршы метрі 91,8 мың теңгеден саудаға салынған. Әттеген-айы, арзанда-тылған бағамен тұрғызылып жатқан тұрғын үйлер тентіреп, пәтер жалдап жүргендердің бәріне бірдей жетпейді. Ал қымбаттарын алуға екінің-бірінің шамасы жоқ.

Мұның есесіне, қазақстандықтар көрші елдің жылжымайтын мүлігіне қырғидай тиіп жатқан көрінеді. Мәсе-

лен, Сочи қаласындағы баспаналарға сұраныс ұсыныстан екі есе асқан. Жергілікті риэлтор компания өкілдерінің уәжіне құлақ асар болсақ, валютадағы айырмашылықты тиімді пайдалануды жөн көрген қазақтар осы елдегі бизнес және премиум классты ғимараттарды жаппай саудалап жатыр.

Отандастарымыздың дені курорттық аймақтардағы баспаналарды алуға тырысуда. Сарапшылардың пайымдауынша, көрші елде доллар өскен сайын, баспана алуға ниетті қазақстандықтардың қатары өлі де қалыңдай түспек. Осыған байланысты, ресейлік құрылыс компаниялары қаржы дағдарысына байланысты кібіртіктеп қалған құрылыстарын қайта жандандырып, қазақтардың сұранысын қанағаттандыруға талпынуда. Ал, құрылыс материалдарының қымбаттығын желеу етіп, баспана бағасын шарықтатып қойған қазақстандық құрылыс компанияларының саудасының сәті түсер емес.

● ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫНЫҢ ТҮРҒЫНДАРЫНА

(Қазақстан Республикасының "Прокуратура туралы" Заңының 25-2 бабының тәртібі бойынша) кәсіпкерлердің құқығын қорғау саласындағы бұзушылықтарды алдын-алу мақсатында

ҮНДЕУ

Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасының құқықтық статистика және арнайы есепке алу Комитетінің Қостанай облысы бойынша Басқармасымен (әрі қарай – Басқарма) Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы" Заңына сәйкес және өз құзыреті шегінде бақылау және қадағалау органдарының тексерістерін үйлестіру бойынша кәсіпкерлік қызметіне негізсіз араласудың алдын-алу бойынша мониторинг жүргізілуде.

Тәжірибе, иесі бүркемеленген өтініштер бойынша тексеріс тағайындау фактісі орын алатындығын көрсетті.

Алайда, Қазақстан Республикасының "Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы" Заңының 5 бабының 1 тармағының 1 тармақшасына сәйкес, *өтініште дайындалып жатқан немесе жасалған қылмыстың құқық бұзушылықтар туралы не мемлекеттік немесе қоғамдық қауіпсіздікке төнетін қауіп туралы мәліметтер бар және мемлекеттік органдардың құзыреттеріне сәйкес оларға дереу жіберілуге тиіс жағдайларды қоспағанда, иесі бүркемеленген өтініштер қарауға жатпайды.*

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы" Заңының 16 бабының 8 тармағына сәйкес, *жоспардан тыс тексерулер иесі көрсетілмеген өтініштер болған жағдайларда жүргізілмейді.*

Қазақстан Республикасының "Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы" Заңына сәйкес, иесі бүркемеленген өтініш – ол бойынша авторын белгілеу мүмкін емес, қолтаңбасы, оның ішінде электрондық цифрлық қолтаңбасы, арыз берушінің пошталық мекенжайы жоқ өтініш болып табылады.

Сондай-ақ, 2014 жылдың 29 желтоқсанындағы Қазақстан Республикасының "Қазақстан Респуб-

ликасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан Республикасында кәсіпкерлік қызмет үшін жағдайды түбегейлі жақсарту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Заңына сәйкес, *құқықтары бұзылған жеке және заңды тұлғалардың (тұтынушылардың) және мемлекеттік органдардың өтініштері, сонымен қатар өміріне, денсаулығына, қоршаған ортаға және жеке және заңды тұлғалардың, мемлекеттің заңды мүдделеріне зиян келтіру қатерінің туындауы туралы нақты фактілер бойынша жеке және заңды тұлғалардың өтініштері жоспардан тыс тексеріс жүргізуге негіз болып табылады.*

Басқармамен 2015 жылдың өткен мерзімінде, иесі бүркемеленген өтініштер негізінде тағайындалған мемлекеттік бақылаушы органдардың 3 тексерісі, соның ішінде 1 жеке кәсіпкерлік субъектісіне қатысты тексеру тағайындау туралы актілері тіркеуден бас тарту жолымен алды алынды.

Айтылғандардың негізінде, Қазақстан Республикасының "Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы" Заңының талаптарына сәйкес, жеке тұлғаның өтінішінде оның тегі, аты, сондай-ақ қалауы бойынша әкесінің аты, жеке сәйкестендіру нөмірі (ол болған кезде), пошталық мекенжайы, заңды тұлғаның өтінішінде оның атауы, пошталық мекенжайы, бизнес-сәйкестендіру нөмірі көрсетілетіндігін түсіндіреміз.

Өтінішке жеке тұлға немесе заңды тұлғаның өкілі өз қолымен не электронды санды қолтаңбасын қолдана отырып қол қоюға тиіс.

Зиян келтіру қатерінің туындауы туралы нақты фактілер болмаса, сонымен қатар жүгінген тұлғаның тиісті қолынсыз өтініш, бақылау және қадағалау органдарымен тексеріс тағайындауға негіз бола алмайды.

Е.ПАРХОМЕНКО,
басқарма бастығы.

"Көктем күні – жылға азық"

Мұрат
ЖҮНІСҰЛЫ

"Жас - Ұлан" жасөспірімдер орталығының мәжіліс залында қала әкімі Ф.Бекмұхамедовтың төрағалығымен ауыл шаруашылық қызметкерлерінің кеңесі өткізілді.

Кеңеске облыстық ауыл шаруашылық басқармасы басшысының орынбасары С. Сағындықов, қаланың мекеме басшылары, қалаға қарасты ауыл және ауылдық округтердің әкімдері, ЖШС директорлары, шаруа қожалықтарының басшылары және БАҚ өкілдері қатысты.

Өңірдің ауыл шаруашылық саласының қазіргі кезеңдегі жағдайы мен даму барысы туралы қала әкімінің орынбасары Е.Теменовтің баяндамасы тыңдалды.

Баяндамада айтылғанындай, Арқалық өңірі биылғы жылы 288,926 мың гектарға дән сіңірмек. Бұл көрсеткіш өткен жылмен салыстырғанда 4295 гектарға артқандығын көрсетеді. Көктемгі дала жұмыстарын жүргізу үшін үкіметтен 4376 тонна (1 литрі - 84 - 85 теңге) арзандатылған жанар-жағар қарастырылып отыр. Алда тұрған басты міндет жерге сапалы тұқым сіңіріп, науқанды дер кезінде аяқтап шығу. Бұл меже алдағы мамыр айының 18-28 аралығы деп белгіленген.

Жарыссөзде Арқалық тәжіри-



бе стансасының директоры С.Гачкайло аймақтағы көктемгі дала жұмыстарын ағымдағы жылдың ерекшеліктеріне сай ғылыми-әдістемелік жұмыстарға сүйене отырып қарекет жасау қажеттігін алға тартып, қалалық ветеринария және агроөнеркәсіптік кешендегі инспекция бөлімдерінің басшылары Б.Шәймерденов пен С.Жармағамбетовтер эпизоотияға қарсы ветеринариялық іс-шаралар жүргізу және ауыл шаруашылығы өсімдіктерін қорғаудағы фитосанитарлық шаралар жүргізу жөніндегі жоспарларын тарқатты.

Сондай-ақ, келелі кеңесте "Агромашхолдинг" АҚ, "Агрохим" ЖШС облыстық филиалдарының өкілдері сөз алып, ауылшаруашылығы қызметкерлерін тың ақпараттарымен қамтыды.

Арқалық қаласы.



● ЖЕҢІМПАЗДАР ЖАДЫМЫЗДА

ҚАҺАРМАН ҚАЗАҚ

Ол – Ленинград үшін шайқаста көзсіз ерлік жасаған Сұлтан Баймағамбетов

Сәлім
МЕНДІБАЙ

1. Ленинград үшін шайқас

Ленинград. Әлемдегі ең бір әсем қалалардың бірі. Сәулет, сурет, тамаша ескерткіштер қаласы, тамаша саябақтар мен парктер, мұражайлар. Мұның бәрі Кеңес Одағының мақтанышы еді.

КСРО-ның іргелі индустриялық орталығы және теңіз порты осы қаланы басып алуға гитлерлік командование ерекше маңыз берді. Невадағы шаһарды басып алу фашистік Германияға саяси, экономикалық және моральдық жағынан бірнеше артықшылықтар беретін еді.

Саяси және әскери-стратегиялық жағынан алып қарғанда Ленинградты алып, фин әскерлерімен қосылу гит-



айырылу стратегиялық жағынан орны толмас қиындықтар тудырар еді. Жау қаланы алса, онда герман және фин әскерлері қосылады, мұндай жағдайда

орысша аудармасы Ленинградтың радиосының үнемі беріліп тұрды, халыққа листовка ретінде таратылды. Ақын атының сөзі ленинградтықтарға жігер, күш-қуат берді. Мен өзімді сол жүз жасаған Жәкеңнің бауыры екенімді мақтан еткен кез әлі есте.

Бүгіндер Ленинградты қорғаған Нүркең Қостанайда тұрады. Жеңістің 70 жылдығын асыға күтіп жүрген арыстардың бірі.

Кеңес әскерлерінің 1943 жылы қаңтарда Ленинград түбінде жеңіске жетуі біздің еліміздің әскери экономикасының өскенінің жарқын айғағы еді. Сол кезде Ленинград және Волхов екіпінді тобында 5200 орудия мен миномет болды. 1943 жылдың қаңтар-наурыз айларында Ленинград майданының жауынгерлері үш мың вагонға жуық оқ-дәрі жұмсапты. Соның бәрін құрсаудағы Ленинград жұмысшылары шығарған екен.

900 күн бойы Ленинградты қорғаған үлкен-кішінің ерлігі ешқашан ұмытыл-

дайдан тиіп, қан қақсатады. Аға сержант Сұлтан Баймағамбетовтың пулемет рәс-четі өздеріне артылған сенім жүгін бар болмысымен сезінді, жау дзотының үнін бұлар өшірмесе, кім өшіреді? Онда рота шабуылы кешеуілдейді, ал кескілескен шайқаста бір сәт кідіру – өзіңе өзің ор қазумен тең.

Қыр қазағы шұғыл шешім қабылдады, қолына бірнеше гранаталар алып, жау дзотына қарай жер бауырлап бар перменімен алға басып бара жатты.

Нысанаға елу метр, қырық метр, жиырма метр, таяқтастам жер қалды. Ер Сұлтан құлаштай келіп гранаталарды дзотқа лақтырды. Төңіректі шаң-тозаңға бөлеген жарылыс бүрк етті, пулеметтің де үні өшті. Дәл осы ұрымтал сәтті пайдаланған рота шабуылға шықты. "Ура-лаған" дауыс құлақ тұндырды.

Бірақ жаңа ғана үні өшкен дзотқа қайта жан біткендей ажал оғын төге бастады. Ойланyp жатуға мұрша жоқ. Шабуылға шыққан жауынгерлердің оққа


● ҰСЫНЫС

Нағыз Батыр Сұлтан ғой...

Кеңес Одағының Батыры Сұлтан Баймағамбетовты кім білмейді? Пулемет бөлімшесінің командирі, аға сержант Сұлтан Ленинград майданында жаудың ажал төккен амбразурасын кеудесімен жауып, тұншықтырды. Сөйтіп біздің әскерлердің шабуылын қамтамасыз етті. Ол Отан үшін омырауын оққа тосып, қазақ халқының нағыз жаужүрек, батыр халық екенін жалғанның жалпағына жария етті.

Сондай Батыр ұлымыздың есімін Қостанай қаласындағы Жеңіс саябағына берсек, Ұлы Жеңістің 70 жылдығы қарсаңындағы ерекше бір пәтуалы шаруа болар еді.

Ысқақ ЕСІРГЕПОВ,
медицина ардагері, қоғам қайраткері.
Қостанай қаласы.



майды. Осы арада "Ленинград тарихының очерктері" энциклопедиясының 5 томындағы мына бір мәліметке назар аударайық:

"Авиацияның оқ жаудыруы мен артиллериялық атыстан 16,467 ленинградтық қаза болды және 33,782 адам жарақат алды. Ең кемі 800 мың адам аштық пен жоқшылықтан қайтыс болды – жау құрсауының қайғылы қорытындысы осындай".

Бірақ ленинградтықтар сағы сынбады. Олар жеңіске жетті.

2. Аңызға айналған Ер Сұлтан

Бұл – Сұлтан Баймағамбетов. Ұлы Отан соғысының қас батыры, Кеңес Одағының Батыры, біздің жерлесіміз. Ленинград қаласын қорғау жолында өшпес ерлік көрсетіп, өз есімін Ұлы Отан соғысы тарихына алтын әріптермен жазған қайсар қазақ....

Ол Әулиекөл ауданы Қояндығаш ауылында туған. Соғыс басталған сәтте енді ғана бой түзеп, атжалын тартып мінген азамат әскерге шақырылып, Ленинград майданынан бір-ақ шығады.

1943 жылдың 22 шілдесі. Жау дзотынан жаудырған пулемет оғы бет қаратар емес. Бас көтерсең болды, қақ маң-

лерлік коалицияны бұрынғыдан бетер нығайтар еді, мұның өзі кейбір КСРО-ға қарсы соғысқа қатысуға шешім қабылдауға дауаламай отырған елдерді немістер жағына шығарар еді.

Ленинградты тез басып алу Гитлерге ондағы әрекет етуші герман әскерлерін, барлық танкілер мен моторланған құрамаларды босатып алып, Москваны басып алу үшін жасалған "Тайфун" операциясын ойдағыдай жүзеге асыруға пайдалану мүмкіндігін берер еді.

Ал моральдық-психологиялық жағынан Невадағы қаланы басып алу фашистік басшыларға өз армиясының, әскерлерінің, Германия халқының және өздерімен одақтас мемлекеттердің рухын көтеруге және Кеңес Одағына қарсы соғыс жоспарының нақтылығына, өздерінің жеңіске жетуіне сенімін нығайтуға қажет болды. Өйткені Гитлер жария еткен "блицкригтің" сәті түспеді. Шығыс майданындағы орасан зор шығын соғыстың жылдам аяқталатыны жөніндегі дақпырттың күлін көкке ұшырды.

Ал біздің еліміз үшін Ленинградтан

бізге Москваны солтүстігінен қорғау үшін жаңа майдан құру қажет болады, ол үшін Москваны қорғауға дайын тұрған стратегиялық күшті пайдалану керек, ал бұл дегенің сол күшті әлсіретумен, астананы қорғау мүмкіндігін әлсіретумен байланысты болар еді. Оның үстіне біз сөзсіз аса қуатты Балтық флотын да жоғалтар едік.

Міне, осындай факторлар Ленинград үшін күрестің тым қатал және қатыгез болатынын айғақтаған еді. Тарихтан білетініміздей, дәл солай болды да. Жау қаланы құрсауға алды. Ленинградты қорғау – бүкіл Кеңес халқының басты міндетіне айналды. Сондай жауапты шақта, жыр дүлдүлі Жамбылдың:

Ленинградтық өренім,

Мақтанышым сен едің! – деген жыр жолдары құрсаудағы ленинградтықтарға орасан зор күш-жігер берді. Ол туралы сол Ленинградты қорғауға қатысқан есіл ер, Қостанайда тұрып жатқан, тоқсан сегізге келген майдангер Нүркен Жолмұхамедов ағамыз былай дейді:

– Жамбылдың осынау жырының

ұшуы әбден мүмкін. Сұлтан орнынан атып тұрып, ажал сепкен дзотты өзінің балғын денесімен жапты. Оның аузынан шыққан соңғы сөзі "Отан үшін!" еді.

...Дзоттың үні өшті.

КСРО Жоғарғы Кеңесі Төралқасының Жарлығымен Сұлтан Біржанұлы Баймағамбетовке 1944 жылы 22 ақпанда қаза тапқаннан кейін Кеңес Одағының Батыры атағы берілді.

Сол сұрапыл жылдарғы әскери хрониканы шолып отырсақ, Ленинград және Волхов майдандарының 22 мың солдаттары мен офицерлері орден-медальдармен марапатталыпты. 25 адам Батыр атағын алыпты. Ал Ставканың өкілі, генерал Г.К.Жуковке Кеңес Одағының Маршалы жоғары шені беріліпті.

Сұлтан Баймағамбетовтың ерлігі талай ұрпаққа үлгі-өнеге болып келеді. Қостанай қаласында оның атында көше, өзі туып-өскен Әулиекөл ауданында батыр атында мектеп, шаруашылық бар. Қостанайдағы Ілияс Омаров атындағы қазақ театры Ер Сұлтан туралы қойылым қойды, Сұлтанның жерлесі, жазушы-журналист Ермекбай Хасенов ол туралы хикаят жазды.

Оның ерлігі – елге мұра, ұрпаққа – ұран болып қала береді. Ол күндердің даңқы өшпейді.

СУРЕТТЕРДЕ: Сұлтан Баймағамбетов және мемориалдық тақта.



● КӨРНЕКТІ ЖАЗУШЫ, ЖЕРЛЕСІМІЗ

ЖАЙСАҢБЕК МОЛДАҒАЛИЕВТІҢ ТУҒАНЫНА 80 ЖЫЛ

Жаны жайсаң Жайсаңбек

Сөз өнері дертпен тең. Сонда да болар ұлы Толстойдың: «Мың сөз ойлап тауып, бір сөз таңдап алу қандай қиямет-қайым», – деп қиналғаны.

Содан да болар, басына талант дейтін тарыдай бақыт қонған, бойына шығармашылықтың таудай азабы дарыған жазушы дейтін бейнеткердің өмір бойы зейнеткер болмай өтетіні. Жүректің оты жеткенше, бұл өмірден өткенше қаламы қолынан түспеген бейнеткер таланттың бірі – Жайсаңбек Молдағалиев болатын.

Бұдан қырық, елу жыл бұрын біздің әдеби ортада бір жақсы дәстүр бар еді: Жылт еткен жас болса, алдындағы ағалар өздері іздеп, тауып алатын. Әл-Фараби атындағы қазақ ұлттық университетінің бірінші курсына оқып жүргенде мені алғаш өзі іздеп келген ағаларымның бірі – Жайсаңбек Молдағалиев еді. Сол Жайсекең мені Сәбит Мұқанов бастаған талай тарландармен таныстырды.

Өлі есімде, 1961 жылдың 13 қаңтары. Онда екінші курста оқитынмын. Жазуға деген құштарлықтан ба, әлде талғамымыздың аздығынан ба, әйтеуір бұрқылдатып жазамыз да жатамыз. Бірді-екілді дүниелеріміз газет, журналдарда жарияланып та жүрді. Бірақ, соның көбі сырты жылтырлауық, іші қалтырлауық, әлсіз дүниелер екенін білдік қой. Сол 13 қаңтар, жексенбі күні екі мақалам екі бірдей беделді басылымда қатар басылды. Оның бірі – Сәбит Мұқановтың «Мөлдір махаббат» пьесасы бойынша жастар театры қойған спектакль жайлы сол кездегі «Лениншіл жаста» шыққан, екіншісі қазақ ақындарының поэзиялық туындылары туралы «Социалистік Қазақстанда» жарияланған сын мақала еді. Содан үш күн соң Жазушылар одағында Сәбеңді көрдім. Жанына жақындауға батылым жетпей тұр еді, мені ол кісімен сол сәтте осы жерге келе қалған Жайсаңбек ағам жанастырып жіберді. Сол жерде менің жаңағы екі мақалам сөз болды.

– Сіздің ТЮЗ-да қойылған «Мөлдір махаббатыңыз» бен ұжымдық жинақтағы өлеңдеріңіз жайлы пікір айтқан бала осы, – деді Жайсаңбек.

– Дұрыс, – деді Сәбең сол сәтте мол денесін маған тұтас бұрып, екеуін де оқыдым. Осылай жаза бер.

Сәбеңнің сол бір жалғыз сөзі маған қанат бітіргендей болды. «Түбі бірдеңе шыға ма, әлде бәрі бос әурешілік пе», – деп өзге түгіл өзіме-өзім күдіктеп қарап жүргенде көңіліме сенім ұялатқан сол бір жалғыз ауыз сөз еді. Кейін Сәбең менің «Аруана» және «Қыран қалғымайды» атты хикаяттарым хақында көлемді мақала жазды. Бұл менің Жайсаңбек ағамнан көрген алғашқы жақсылығым еді. Одан кейін екеуіміздің жұбымыз жазылған жоқ. Алпысыншы жылдардың

орта тұсында екеуіміз «жазушы» басысының проза редакциясында редактор болып, Жазушылар одағының бірінші қабатындағы үшінші бөлмеде бірге отырдық.

Міне, осы тұста Жайсекеңнің өзін де жете тани түстім, оның қаламынан туған шығармаларын да зерделей оқудың сәті түсті десем, шығарма дегеннің өзі сөз ғана емес, ой мен сезім де. Сол ой мен сезім Жайсаңбек Молдағалиев шығармаларындағы алтын арқаудың бірі. Оның 1962 және 1965 жылы шыққан алғашқы екі кітабы «Жүрек қазынасы» мен «Жазерке» хикаяттарында ой мен сезім қыздың қос бұрымындай қатар өріліп отырады. Одан кейін жарық көрген «Айналайын», «Алғашқы қоңырау» (1972 жыл), «Самал» хикаяттары мен «Құс жолы» әңгімелері жинағында да (1975 жыл) жазушы адам жанының иірімдері мен кейіпкерлердің ақыл-ой парасатын сұңғыла суреткерлікпен тап басып, тамаша бейнелеген.

Әр жазушының өзінің жанына жақын тақырыбы болады. Ж.Молдағалиевтің сүйікті тақырыбы – ауыл, басты кейіпкерлері – сол ауылдың аңқау, ақсарқын, еңбекқор адамдары. Қаламгердің жан-тәнімен беріліп жазған ауыл тақырыбы оның өмірінің соңғы жылдары қаламынан туған «Ел суреттері» атты әңгімелер шоғырында жаңа бір қырынан көрінеді. Сол әңгімелері арқылы жазушының өзі де жаңа бір көркемдік биікке көтеріледі. Бұл тұста ол жазып отырған тақырыбымен ғана емес, суреттеу мәнерімен де Бейімбет Майлиннің шынайы мұрагері екенін дәлелдеді. Жайсаңбектің әңгімелері мен хикаяттарындағы Нұрмағамбет, Ғани, Бейімбет, Қарлығаш бейнелерінің прототиптерін өмірде жиі кездестіреміз. Ал, «Адам ізі» атты әңгімедегі Көмила – жазушы замандастарының жиынтығы бейнесі биігіне көтерілген.

Жайсаңбек Молдағалиевтің «Таза бұлақ», «Адамға көп керек пе?» романдары күрделі жанрдағы аса елеулі табыстарының бірі. Ал, «Торғай толғауы» атты трилогиясы жазушының ғана емес, қабырғалы қазақ прозасының жаңа бір биігі. Өкінішке қарай, Жайсаңбектің романдары кезінде әдеби сыннан жоғары баға алып, оқушы сүйіспеншілігіне бөленсе де күні бүгінге дейін қайта басылып көрген жоқ. Бұл романдар алғаш жарыққа шыққаннан бері қаншама жас ұрпақ дүниеге келді, жаңа буын оқырман өсіп шықты. Кеңестік кеңістікте ең көп жазылған тақырып – Ұлы Отан соғысы тақырыбы. Өзгесін айтпағанның өзінде, орыс әдебиетіндегі Юрий Бондарев пен Михаил Алексеевтің әйгілі романдары,

Александр Бектің Бауыржан Момышұлы жайлы тұлғалы туындысы, өзіміздің қазақ әдебиетіндегі Баукеңнің өз шығармалары, Баукең жайлы жазылған Әзілхан Нұршайықовтың «Аңыз бен ақиқат», Тахауи Ахтановтың «Шырағың сөнбесін», Сәуірбек Бақбергеновтің «Қарға тамған қан» атты туындылары – әдебиеттің алтын қорына қосылған асыл қазына. Соғыс кезіндегі тыл өмірінен де біраз сүйекті шығармалар жазылды. Алайда, соғыстан кейінгі уақыт, халық шаруашылығын қалпына келтіру кезеңі жайлы шоқтығы биік құнарлы шығармалар тым аз. Жайсаңбектің «Торғай толғауы» сол олқының орнын біршама толтырылған тұлғалы туынды.

Жайсаңбек Молдағалиев «Торғай толғауында» сол өзінің жазушылық аңсары ауыл тақырыбынан бұл жолы да ауытқымаған. Шығарманың бас кейіпкері халық арасынан шыққан әртүрлі кәсіп пен әрқилы тағдырдың иелері. Солардың бірі – Қараменді. Ол шаруа адам. Туған жерге Отанға берілген адал, ақылды адам. Осы бір қарапайым шаруа адамы екінші дүниежүзілік соғысқа қатысып, бүкіл Еуропаны аралап шығады. Фашистерге тұтқынға түсіп қалған ол аузын арандай ашқан ажал апаны Дахау сынды концлагерьден де құдай сақтап, аман шығады. Ол жайлы отбасына «өлді» деген қара қағаз да келді. Әйтсе де, Алланың өмірімен ажалдан аман қалған ол елге оралады да, қайтадан майданға барып, соғысты Шығыс Пруссияда аяқтайды. Елге келісімен колхозда балықшы болады, егін жинауға, мал басын өсіруге белсене атсалысады. Байқайсыз ба, жазушы өз кейіпкерін сан сынаққа сала отырып, оның қиын кездерге де сынбаған азаматтық биік рухын жырлап отыр.

Қараменді М.Шолоховтың «Олар Отан үшін шайқасты», «Адам тағдыры» «Өшпенділік ғылымы» атты шығармаларында кездесетін өр рухты, өршіл, жасампаз, жеңімпаз, кезек кейіпкерлерді еске салады. Ол «Адам тағдырындағы» Соколов секілді жүйеде сомдалған сом тұлғалы бейне. Бұл тұста басын ашып айтар бір жайт – Қараменді Соколовтың көшірмесі де, көлеңкесі де емес, оған кейіпкер бейнесінің анықтығымен, жазушылық кестенің қанықтығымен қандас, рухтастығымен ғана ұқсайтын тұлғалы тұлға. Тағы бір ерекшелігі – Қараменді бейнесі ұлттық менталитетімен де Соколовқа ұқсамайтын, онымен тағдыр талайы, қайыспайтын қайсарлығымен ғана үндес бейне. Романда Қарамендімен иықтасып тұрған тағы бір бедерлі бейне бар. Ол – Қарамендінің қырық үшінші жылы соғыста қаза тапқан

қырық үшінші жылы соғыста қаза тапқан досы Мезгілбай. Оның артында қалған аты – Бөрте арқылы Мезгілбай оқта-текте бір көрінсе де, оқушы есінде қалып қояды. Қарамендінің ғажайып дауысқа ие әнші баласы Нұрлан А.Пушкиннің Татьянасы мен Ш.Айтматовтың Жәмиласын еске салады. Татьяна Ларинаның ойға оралатын себебі, ол ұлы ақын үшін идеал, ақындық шабытының қайнар көзі болса, Нұрлан үшін ол іңкәр болған, Ақзейнеп те сондай. Ал, Жәмиламен ұқсастығы Айтматов кейіпкерінің өзінен жасы үлкен жеңгесіне ғашық болғаны сияқты Нұрлан да өзінен жасы үлкен әйелге ынтығады. Бұлардың сезімдері ұқсас болғанмен, іс-әрекеттерінде, адами, бітім-болмыстарында, тағдыр талайында, айырмашылықтар көп.

Романдағы обком хатшысы Зинахмет Шаншарович, дирижер Красноруцкий, аңқау Бекбосын, арамза Сұлтанғазы, ақыл-парасат иесі Айғаным, сезімтал Бәтес, көзі соқыр болғанмен көкірегі ояу Ұлбосын бейнелерінің айтары анық, бояуы қанық.

Оның бәрін таратып айта берсек, әңгіме ұзай береді. Десек те, Бәтес бейнесі жайлы аз да болса айтпай кету шығармаға қиянат болар еді. Себебі, Бәтес бейнесі жазушының ғана емес, жетпісінші жылдардағы қазақ прозасы үшін жаналық, тек жаңалық қана емес, ірі көркемдік табыс та болып табылады. Ол – соғыста қаза тапқан Мезгілбайдың әйелі. Өзі сүймеген Бәкеннің қолынан мерт болатын Бәтестің жан дүниесіндегі арпалысты жазушы жеріне жеткізе нанымды суреттейді. Бәтес – Кафка, Ремарк шығармаларында жиі кездесетін «протест-бейнелерді», еске салады. Алайда, олардың тағдыр талайына, сезім арпалыстары мен ой ағыстарына сырттай ұқсағанымен, бейнені бедерлеудегі Жайсаңбектің өзіндік қолтаңбасы мен өзгеше стилін көру қиын емес.

Жазушының алымы мен шалымына сын болатын диалогтар мен монологтардан, кейіпкер портреттерін сомдаудан, табиғат суреттерін беруден Жайсаңбектің көркемсөздің көрнекті шебері екені тайға басқан таңбадай анық танылып тұр.

«Көркем сөз – жанның сәулесі», – депті Ғабит Мүсірепов. Осы сөз өмірлік кредосы болған Жайсаңбек Молдағалиевтің қазақ әдебиетінен ойып тұрып алған өзіндік орны бар.

Арада ондаған жылдар өтсе де ұмытылмай, қайта қадір-қасиеті арта беретін тұлғалар болады. Артына том-том кітап қалдырған, өзінің қысқа да қызулы өмірінде ешкімге жамандық жасамай, айналасындағы адамдарға аспандағы ай мен күндей үнсіз сәуле шашқан Жайсаңбек Молдағалиев сондай жаны жайсаң, жаны жомарт, жалы биік азамат, жолы басқа, жөні бөлек қаламгер. Жұмыр жер аман тұрғанда адамзат даналығы туғызған әдебиеттер әлемі жасай береді. Қазақ халқы барда қазақ әдебиеті де өлмейді. Ендеше, сол туған әдебиетіміздің тұлғалы бір өкілі – Жайсаңбек Молдағалиев та келер ұрпақ, келер тарихқа өз халқымен бірге барады. Иә, бұл өмірде бәрі өткінші, өнер ғана мәңгілік!

Сәбит ДОСАНОВ,
жазушы, М.Шолохов атындағы
халықаралық сыйлықтың
лауреаты.

• «САЛАМАТТЫ ҚАЗАҚСТАН»



болмаса екен деп тілеймін. Бала түгілі, ересектердің өліміне қарауға да дәтің шыдамайды. Өйткені, өзімнің де үш қызым, алты немерем бар. Ал, бала деген – ол періште ғой, – дейді Вера Максимова.

Сондықтан, құтқарушылар жүргізушілер де жылдамдықты шамадан тыс асырғанда өзінің де, өзгенің де өміріне қаншалықты қауіп төндіретінін сезінсе екен дейді. Сондай-ақ, мамандар көп жағдайда апат орын алғанда адамдардың психологиялық тұрғыдан да дайын бола бермейтіндігін айтады. Себебі, қатты соққы, қан көру кез келген адамды есінен адастыруы мүмкін,

Құтқару бекеті – адам өмірінің кепілі

Қарлығаш
ОСПАНОВА

Бүгінде елімізде үкімет тарапынан халықтың денсаулығы мен өмірін сақтау жолында да біраз жұмыстар атқарылып жатыр. Күре жолдар бойында ашылып жатқан республикалық медициналық құтқару бекеттері де осы мақсатта қолға алынған игі шаралардың бірі. Дәл осындай құтқару бекеті біздің облыста да алғаш рет өткен жылдың желтоқсан айында Алтынсарин ауданындағы Щербakov ауылының бойында ашылған болатын. Міне, содан бері күре жол бойындағы медициналық бекет жол-көлік оқиғалары кезінде біраз адамның өміріне араша түсіп те үлгерді. Біз аталған құтқару бекетінде болып, ондағы мамандармен тілдесіп, тыныс-тіршілігімен танысып қайтқан едік.

«Саламатты Қазақстан» бағдарламасы аясында салынған бұл әлеуметтік жобаға республика қазынасынан 23 млн. астам қаржы жұмсалыпты. Мұнда екі ауысым бойынша он адам, яғни екі-екіден дәрігер-фельдшер, фельдшер-құтқарушы, диспетчер, құтқарушы-санитар және жүргізуші-санитар вахталық әдіспен 15 күн бойы жұмыс істейді. Төрт бөлмелік нысанның кіре берісі ас үй де, ал ортаңғы үлкен кең бөлме жатар орынға арналған әрі диспетчердің де отыратын орны осы жерде. Келесі бөлмеде заманауи медициналық қондырғылар орнатылған. Шаруашылыққа арналған арнайы бөлме тағы бар. Бір сөзбен айтқанда, бекеттегілердің жайлы өмір сүруі үшін мұнда барлық жағдай жасалған.

Құтқарушылардың арасындағы жалғыз әйел Вера Максимова мұның алдында Алтынсарин ауданының Димитров ауылында фельдшер болып істеген екен. Отыз жыл ауылдық фельдшерлік-амбулаторияда еңбек еткен ол өткен жылы облыс орталығына қоныс аударған көрінеді.

Бірақ, қаладағы №2 емханада жұмыс істеп жатқан ол көп ұзамай туған өлкеге қайтып оралуға мәжбүр болды. Себебі, тәжірибелі маман ретінде осы құтқару бекетінде жұмыс істеуге ұсыныс түскенде, бірден келісе кеткен.

– Өйткені, бұл аудан менің үйренген жерім ғой әрі бұл жұмыста маған жақын. Он адам екі бригадаға бөлініп, 15 күн бойы осында жатамыз. Екі бригададағы жалғыз әйел мен ғана. Басында бір қыз болған еді, ол мұндай жабық кеңістіктегі жұмысқа шыдамаймын деп кетіп қалды. Себебі, біз бұл жерден бір адым да аттап шыға алмаймыз, кез келген уақытта шақырту түсуі мүмкін. Тіпті, жанымыздағы тиіп тұрған асханаға да бара алмаймыз. Төтенше жағдай орын алғандығы туралы хабарлама түссе, дереу оқиға орнына аттануға тура келеді. Біз өзіміз осы жерде тамақтанамыз, әйел адам болған соң ас-суды мен өзірлеймін. Бәрі де өзімнің балаларым тәрізді жігіттер ғой, олар да қарап отырмай маған ұсақ-түйек жұмыстарға қолқабыс қылады. Ал, тазалықты бәріміз бірдей кезекшілікпен атқарамыз. Шындығын айтайын, бастапқыда үйрене алмадық, ол кезде қазіргідей жағдай да болған жоқ. Электр қуаты қосылмаған, тек генератормен ғана отырдық, ал оның қуаты теледидар, тоңазытқышты көтере алмайды. Әйтеуір, бір аптадан кейін бізге жарық қосып, суды тазартып сүзіп отыратын арнайы қондырғы да орнатып берді, – дейді дәрігер Вера Максимова.

Бұл медициналық құтқару бекетінде зардап шегушінің өмірін сақтап қалу үшін барлық көмек көрсетіледі. Шұғыл құтқару жұмыстары үшін реанимациялық көлігімен де қамтамасыз етілген. Заманауи медициналық құрылғылармен жабдықталған бұл көлікте реанимациялық шараларды да қолдануға мүмкіндік бар. Сонымен қатар, бұл жерде тікұшақ қонатын арнайы алаң да жабдықталған. Күре жол бойындағы құтқару пунктін құтқарушылары диспетчерге келіп



түскен хабарлама бойынша жедел оқиға орнына аттанып, зардап шегушілерге шұғыл көмек көрсетуге тырысады. Өйткені, жол апатына түскен адамдардың өмірі мен денсаулығы осы құтқарушыларға байланысты. Ал, мұндай бекеттердегі мамандар да өз саласының майталманы болуы тиіс. Сондықтан, бекет құтқарушылары жыл басында алғаш рет арнайы оқу-жаттығудан өтіп, біраз тәжірибе жинақтап үлгерген көрінеді.

– Біз диспетчерге хабарлама түсісімен оқиға орнына дер кезінде аттанамыз, талап бойынша оқиға орнына ең кем дегенде 20-25 минутта жетуіміз керек. Неғұрлым тезірек жетсек, соғұр-

лым адам өмірін құтқаруға да мүмкіндік мол болмақ. Өте ауыр халдегілерге сол жерде реанимациялық көмек көрсетеміз, сосын барып аудандық ауруханаға не болмаса арнайы медициналық көмек көрсетуге арналған тікұшақты шақыртып, облыс орталығына жеткіземіз. Осы құтқару бекеті ашылғалы бері төрт жол-көлік оқиғасы болды. Соның ішінде ауыр жол апаты болып, жүргізуші жас жігіт оқиға орнында көз жұмған еді. Мұндай жантүршігерлік оқиғаларға, адамның судай аққан қаны мен тілім-тілім болған денесіне, сынған аяқ-қолына қараудың өзі қорқынышты. Мен үнемі құдайдан осындай жол апаттарында кішкентай сәбилер

сол себепті құтқарушылар ондай жағдайда адам өзін-өзі тез жинап алса, ол өзі үшін де, өзгелер үшін де тиімді екендігін айтады.

– Құдай апаттың бетін аулақ қылсын. «Бірдің кесірі мыңға тиеді» демекші, кейде бір жүргізушінің салғырттығынан қаншама адам зардап шегіп жатады. Сондықтан, сақтықта қорлық жоқ, жүргізушілер де жанталаспай, жылдамдықты шамадан тыс асырмай, жол ережесін бұзбаса екен дейміз. Жалпы, жол апатына түскен адам дер кезінде есін жиып 112 нөмірін теріп, құтқарушыларға хабарласуы керек. Өзінің жағдайы дұрыс болса, тезірек есін жинап жанындағы адамға алғашқы жәрдем көрсетуі қажет. Алайда, көп адамдар осы қарапайым алғашқы көмек шарттарын біле қоймайды. Сол себепті де, кез келген адамның алғашқы медициналық көмек жайлы хабардар болғаны дұрыс. Әр адамның өз денсаулығы мен амандығы өз қолында, – дейді құтқарушы-фельдшер Павел Терентьев.

Иә, «Саламатты Қазақстан» бағдарламасы аясында жүзеге асқан әлеуметтік бұл жобаның арқасында қаншама табиғи және техногенді төтенше жағдайлардың алдын алуға мүмкіндік тууда. Бірақ, жасыратыны жоқ, қазір еліміздегі өлім-жітімнің дені осындай жол апаттарының салдарынан болып жатыр, қаншама адам жол-көлік оқиғасының кесірінен мүгедек болып қалуда. Сондықтан, кез келген адам осындай айтып келмейтін апаттар мен оқиғалардан болатын жазмыш пен бейнеттен аман болса екен дейсің. Әрине, бәрі бір Алланың қолында ғой, дегенмен құдайдың да сақтанғанды сақтайтынын ұмытпайық, әйтеуір абай болайықшы!

Алтынсарин ауданы.

СУРЕТТЕРДЕ: 1. медициналық құтқару бекетінің құтқарушылары; 2. диспетчер – И.Тезилов; 3. құтқарушы-фельдшер П.Терентьев; 4. заманауи үлгідегі реанимациялық көлігі.

● САНДЫҚ ТЕЛЕДИДАР

ОТАУ



— әр үйде

Шұға
ҚОҢҚАБАЙ

Үш миллионнан астам қазақстандық ұлттық жерсеріктік телеарна қызметіне қосылған. Биылғы жылы ұлттық жерсеріктік "Отау ТВ" сандық хабар тарату желісіне 4 жыл толып отыр. Осы қысқа мерзім аралығында телерадио хабарларын тарату саласында қандай өзгерістер болып жатыр, қандай жетістіктерге жетті, Қазақстанның толық сандық телерадио жүйесіне көшуіне мүмкіндік бар ма? Осы және басқа да сауалдар жөнінде "Қазтелерадио" АҚ Бас коммерциялық директоры Ерлан Жазықбаевтан сұрап білген едік.

— 2011 жылдың 18 қаңтарында ҚР Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың қатысуымен елімізде "OTAU TV" Ұлттық жерсеріктік сандық телерадиохабар тарату желісі қосылғаны естеріңізде болар. Бүгінгі таңда ұлттық операторлар қызметін пайдаланатын абоненттер қатары 800 мыңға, яғни 3 миллион адамға жеткенін мақтанышпен айта аламыз. Қазақстанда алғаш жерсеріктік хабар тарату жобасы іске қосылған сәтте 6300 абоненттің болғанын ескерсек, бүгінгі таңда тұрғындар арасында біздің қызметімізге деген сұранысының артқанын айқын аңғаруға болады. Бұл әсіресе халықтың 70 пайызын құрайтын ауылдық тұрғындар үшін ауадай қажет. "Отау ТВ" жерсеріктік хабар тарату қызметінің арқасында шалғай елді мекендердің тұрғындары, қала халқы отандық және шетелдік телеарналарды көруге мүмкіндік алды. Міне, осыған орай "Қазтелерадио" АҚ еліміздің

ұлттық телерадио тарату операторы ретінде ауылдықтар мен қала тұрғындары арасындағы ақпарат алу қолжетімділігін жүзеге асырып отыр.

— "Отау ТВ" жерсеріктік желісі кабельдік және шетелдік телехабар тарату операторларымен нық тірестіретін деңгейге жетті ме?

— Біз абоненттерге отандық 53 арнаны тегін ұсынамыз. Ал Қазақстанда жерсеріктік хабар тарататын шетелдік операторлар мұншама жеңілдікті ұсына алып отырған жоқ. Тіпті, олар бірде-бір қазақстандық арнаны өздерінің каналдық пакеттерінде трансляция жасап отырған жоқ. Біздегі кабельдік операторлар 14 отандық арнаны ақылы пакеттер қатарына қосқан. Ал біздің абоненттеріміз рейтингі жоғары шетелдік телеарналарға қосымша ақы төлеп қосыла алады. Бұған қоса "Отау ТВ" қолданушылары үшін тегін "теле газет" сервисі ұсынылған. Атап айтқанда, шал-

ғай елді мекендегі көрермендер көгілдір экран бетінен "Егемен Қазақстан", "Казахстанская правда" газеттерінің жаңа сандарын оқуға мүмкіндік алды. Мәселен, кабельдік операторлар қалаларда ғана хабар таратады, ауылдық жерлерге бара бермейді. Ал "Отау ТВ" еліміздің кез келген түкпіріндегі көрерменге жол тартып отыр.

— Ендігі кезекте сандық эфирлік хабар тарату қалай болмақ және ескірген балама форматты телеарнаны не күтіп тұр?

— Заманауи сандық телерадио хабар тарату жобасына көшуді жүзеге асыру аясында 2012 жылы Астана, Алматы, Қарағанды және Жезқаз-

ған, Жаңаөзен қалалары сандық эфирлік хабар тарату желісіне қосылды. Ал, 2013 жылдың желтоқсан айында барлық облыс орталықтары мен Маңғыстау облысы түгел аталған қызмет түрімен қамтамасыз етілді. Біз ел халқының 51 пайызын сандық телерадио қызметіне қосуға мүмкіндік алдық. Өткен жылы Қазтелерадио АҚ 297 радиотелевизиялық стансаны іске қосып, халықтың 72 пайызы немесе 11,5 миллион адамды сандық эфирлік хабар тарату желісімен қамтылды. Еліміздің инвестициялар және даму министрлігі бекіткен стратегиялық жоспарына сәйкес 2017 жылы 827 сандық телерадиотелевизиялық станса іске қосылып, ел хал-

қының 95 пайызы сандық эфирлік арнаға көшпек. Бүгінгі таңда сандық телеарна көрермендері отандық 15-тен 30-ға дейінгі отандық телеарналарды жоғары сапада көре алады. Сандық телеарнаны көру үшін приставкамен бөлмеге арналған қарапайым антенна қажет. Ал ескірген балама форматты телеарнадан ажырату жұмыстары кезең-кезеңімен жүргізіледі.

— "GALAM TV" интернет хабар тарату жаңа жобасы туралы тоқталып өтсеңіз?

— "GALAM TV" жобасы отандық телерадио хабар тарату саласының дамыған жалғасы іспепті. Бір жағынан, шетелдерде тұратын қазақ диаспорасымен байланыс үшін де жасалып отыр. Ұлттық оператор стратегиялық міндеттерін жүзеге асыра отырып, қазақстандық телеарналарды ел ішінде және шетелдерде интернет арқылы тарату қызметін ұсынып отыр. Биылғы жылдың бірінші тоқсанында ақылы түрде шетелдердің үздік телеарналары мен видеотекадан ұсынылатын болады. Бұл қызметтер iOS және Android негізінде жұмыс істейтін смартфондар мен планшеттерге қолжетімді. Сонымен қатар, "GALAM TV" браузер арқылы персоналды компьютерлер арқылы көруге болады. Алдағы уақытта бұл қызмет қолданыстағы теледидарларға да қолжетімді болмақ. Қазіргі таңда "GALAM TV" арқылы көрермендерге отандық және шетелдік танымал 48 телеарна ұсынылып отыр. Алдағы уақытта олардың саны 70-ке жетпек.

Дуалды оқыту жүйесі енгізіледі

Осы жылы облысымыздың 12 оқу орнында дуалды оқыту жүйесі енгізілетін болады. Дуалды оқыту жүйесі дегеніміз — теорияны өндіріспен ұштастыра оқыту технологиясы. Бұл жүйе кәсіби мамандар даярлауда тиімділігі мен нәтижелілігі зор екендігі тәжірибеде дәлелденген. Қостанайдағы оқу мекемелері тәжірибе ретінде 14 мамандық бойынша осы тәсілмен оқытылып келген-ді. Ал жақында аймақтағы кәсіпкерлер жиналып, 29 кәсіпорынның және оқу орындары басшыларының қатысуымен үш жақты келісім-шарт жасасты. Облыстық кәсіпкерлер палатасы директорының орынбасары Манарбек Қазин дуалды жүйені енгізудің мақсаты колледж бен университет студенттерінің тәжірибесін арттыру екендігін алға тартады.

Дуалды оқыту жүйесі қазіргі дүние жүзілік тәжірибеде бар дүние. Әлемде оқытудың дуалды жүйесі техникалық және кәсіптік мамандар даярлаудың ең тиімді жолдарының бірі болып табыла-



ды. Нақты өндіріс жағдайларына бейімделген, жұмыс орнында білімді тікелей игеруге бағытталған, білікті мамандарды дайындау арқылы елдегі білім саласының деңгейін арттыруға болатыны белгілі. Ендігі міндет — дуалды жүйені облыстық білім құрылымдарына енгізу.

Сондай-ақ облыстағы ірі автомобиль жасау кәсіпорындары — "СарыАрқаАвтопром" ЖШС мен "АгроماشХолдинг" АҚ аталған жүйенің жүзеге асуына

мұрындық болуға дайын. Бұл жөнінде өңірдегі Кәсіпкерлер палатасының конференциясында компанияның өкілдері мәлімдеді.

— Бізге университеттер мен колледждерден студенттер келіп тәжірибеден өтеді. Жас мамандарды даярлау бойынша қалыптасқан жағдайда кәсіпорын базасында дуалды оқыту жүйесін біртіндеп енгізуді жоспарлап отырмыз. Ол өндірістің нақты талаптарына барынша жақын құрылады және де осылайша кәсіпорын дайын мамандарды жұмысқа алатын болады, — деді "АгроماشХолдинг" АҚ Оқыту және персоналды басқару орталығының қызметкері Әлібек Құсайынов.

Сонымен, облысымыздың оқу орындарында білім алатын студенттер уақыттың басым бөлігін өндірісте өткізуге мүмкіндік алып отыр. Қазірдің өзінде жоғары оқу орындары және облыс колледждері арасында жасалған шарттар аясында тәжірибеден өткен студенттер тұрақты жұмыс орындарын тауып жатыр.

Қасқырбай ҚОЙШЫМАНОВ.

Суретті түсірген Бағдат АХМЕТБЕКОВ.

Өз үлесіңді қос

Айтолқын
АЙҚАДАМОВА

Қайда жүрсе де әр адам туған жерін сағынады. Туған жерге деген ыстық сезім, бір бүйрегіңді осылай қарай бұрып тұратындай. Осындай туған өлке — Науырзым ауданының құрылғанына биыл 50-жыл.

Одан бұрын маңызды мереке Ұлы Жеңістің 70 жылдығы. Мереке қарсаңында ауданда "Жеңістің 70-жылдығы мен Науырзым ауданының 50-жылды-

ғына менің үлесім" атты игі акция өтуде. Осы шараға барша науырзымдықтарды үлес қосуға шақырады.

Ұлы Жеңіс біздің елімізге оңайлықпен келген жоқ. Бүгінгі күні Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың даналық саясаты арқасында ардагерлер назардан тыс қалған жоқ. Тұрғын үймен қамтамасыз етілді, лайықты зейнетақы алады. Десе де, олар әлі де қамқорлық пен мейірімді, жылы көңілді қалайды.

Ел ішінде Жеңістің 70 жылдығына дайындық жүріп жа-

тыр. Оның алдыңғы іс-шаралары басталып та кетті. Көптеген кәсіпорындар, ұйымдар, кәсіпкерлер және ауданның тұрғындары өз үлестерін қосып жатыр.

Халыққа есеп беру кездесуінде аудан әкімі ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге, кәсіпкерлерге, барлық тұрғындарға ауданның 50-жылдығын және Ұлы Жеңістің 70 жылдығын өткізуге бір кісідей атсалысуға шақырды. Залда отырған Науырзым ауданының құрметті азаматы Ө.Ихтиялов аудан әкімін қол-

дап, мерекелерді өткізуге "Науырзым" қорына 3 млн. теңге аударатынын айтты. Кәсіпкер А.Ғалиева да сырт қалмады. Ол аудан әкімін қолдап жерлертер алдында лебізін білдірді. Ақшалай үлес мына мекенжай бойынша қабылданады:

БИК КРСТКЗКА
Индекс 111400
Қостанай облысы
Науырзым ауданы
Қараменді ауылы
"Науырзым" қоғамдық бірлестігі

Есеп-айырысу шоты
KZ 82563N350000051885
ЖСН 120340005520
БСК КРСТКЗКА.

"Новотроицк-1" ЖШС қатысушыларының кезектен тыс жалпы жиналысын өткізу туралы хабарландыру

"Новотроицк-1" ЖШС 2015 жылғы 30 сәуір сағ. 09.00-де мына мекенжайда: Қарабалық ауданы, Новотроицк селосы, "Новотроицк-1" ЖШС кеңсесінде қатысушылардың кезектен тыс жалпы жиналысы болатынын хабарлайды.

Күн тәртібінде (мәселе):

1. "Алтын-Асық" бағдарламасы бойынша МРС дамытуға заем алу үшін "Аграрная кредитная корпорация" АҚ-ға жүгіну туралы.

2. Кепілдік алу үшін екінші деңгейлі банкке жүгіну. "Новотроицк-1" ЖШС міндеттемені орындауды қамтамасыз ету ретінде жылжитын және жылжымайтын мүлікті кепілге ұсынады.

3. Екінші деңгейлі банктің мүлікті соттан тыс өткізуге келісімін жасалған келісімдер/келісім-шарттар бойынша "Новотроицк-1" ЖШС міндеттемелерін орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда ғана беру.

4. Директорға осы шешімді орындау үшін қажетті барлық келісімдерге/келісім-шарттарға қол қою өкілеттігін беру.

Объявление о проведении внеочередного общего собрания участников ТОО "Новотроицк-1"

ТОО "Новотроицк-1" сообщает, что 30 апреля 2015 года в 09.00 часов по адресу: Карабалыкский район, с. Новотроицкое, контора ТОО "Новотроицк-1" состоится внеочередное общее собрание участников.

Повестка дня (вопроса):

1. Обращение в АО "Аграрная кредитная корпорация", для получения займа на развитие МРС по программе "Алтын-Асық".

2. Обратиться в банк второго уровня за получением гарантии, в качестве обеспечения исполнения обязательств ТОО "Новотроицк-1" предоставляет в залог движимое либо недвижимое имущество.

3. Предоставление согласия банку второго уровня на внесудебную реализацию имущества только в случае неисполнения или ненадлежащего исполнения обязательств ТОО "Новотроицк-1" по заключенным договорам/соглашениям.

4. Наделение директора полномочиями на подписание всех договоров/соглашений необходимых для исполнения настоящего решения.

Қостанай облысы әкімдігінің
2015 жылғы 3 наурыздағы
№75 қаулысы

Әкімдіктің 2014 жылғы 18 тамыздағы № 406 "Облыстың жергілікті атқарушы органдарының жануарлар дүниесін пайдаланушыларға аңшылық алқаптар мен балық шаруашылығы су айдындарын және (немесе) учаскелерін бекітіп беру мен аңшылық және балық шаруашылықтарының қажеттіліктері үшін сервитуттарды белгілеу жөнінде шешімдер қабылдауы" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентін бекіту туралы"

қаулысына өзгерістер енгізу туралы
"Нормативтік құқықтық актілер туралы" 1998 жылғы 24 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 21-бабына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына сәйкес Қостанай облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Облыстың жергілікті атқарушы органдарының жануарлар дүниесін пайдаланушыларға аңшылық алқаптар мен балық шаруашылығы су айдындарын және (немесе) учаскелерін бекітіп беру мен аңшылық және балық шаруашылықтарының қажеттіліктері үшін сервитуттарды белгілеу жөнінде шешімдер қабылдауы" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентін бекіту туралы" Қостанай облысы әкімдігінің 2014 жылғы 18 тамыздағы №406 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №5098 болып тіркелген, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

жоғарыда аталған қаулыммен бекітілген "Облыстың жергілікті атқарушы органдарының жануарлар дүниесін пайдаланушыларға аңшылық алқаптар мен балық шаруашылығы су айдындарын және (немесе) учаскелерін бекітіп беру мен аңшылық және балық шаруашылықтарының қажеттіліктері үшін сервитуттарды белгілеу жөнінде шешімдер қабылдауы" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентінде орыс тіліндегі:

3-тараудағы "Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) өзара іс-қимыл тәртібін сипаттау":

7-тармағының
2) тармақшасында "ознакомливается" сөзі "ознакомливается" сөзімен ауыстырылсын; мемлекеттік тілдегі мәтін өзгермейді.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қостанай облысының әкімі

Н. САДУАҚАСОВ.

Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2015 жылғы 8 сәуірдегі № 5508 болып тіркелген.

Постановление акимата
Костанайской области
от 3 марта 2015 года №75

О внесении изменения в
постановление акимата от 18 августа 2014 года № 406 "Об утверждении регламента государственной услуги "Принятие местными исполнительными органами области решения по закреплению охотничьих угодий и рыбохозяйственных водоемов и (или) участков за пользованиями животным миром и установлению сервитутов для нужд охотничьего и рыбного хозяйства"

В соответствии со статьей 21 Закона Республики Казахстан от 24 марта 1998 года "О нормативных правовых актах", статьей 27 Закона Республики Казахстан от 23 января 2001 года "О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан", акимат Костанайской области **ПОСТАНОВЛЯЕТ:**

1. Внести в постановление акимата Костанайской области от 18 августа 2014 года № 406 "Об утверждении регламента государственной услуги "Принятие местными исполнительными органами области решения по закреплению охотничьих угодий и рыбохозяйственных водоемов и (или) участков за пользованиями животным миром и установлению сервитутов для нужд охотничьего и рыбного хозяйства" (зарегистрировано в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов под № 5098, опубликовано в информационно-правовой системе "Әділет") следующее изменение:

в регламенте государственной услуги "Принятие местными исполнительными органами области решения по закреплению охотничьих угодий и рыбохозяйственных водоемов и (или) участков за пользованиями животным миром и установлению сервитутов для нужд охотничьего и рыбного хозяйства" (зарегистрировано в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов под № 5098, опубликовано в информационно-правовой системе "Әділет")

в главе 3 "Описание порядка взаимодействия структурных подразделений (работников) услугодателя в процессе оказания государственной услуги":

в пункте 7:
в подпункте 2) слово "ознакомливается" заменить на слово "ознакамливается"; текст на государственном языке не меняется.

2. Настоящее постановление вводится в действие по истечении десяти календарных дней после дня его первого официального опубликования.

Аким Костанайской области

Н. САДУАҚАСОВ.

Зарегистрировано в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов 8 апреля 2015 года под № 5508.

"Жітіқара ауданы әкімдігінің ветеринария бөлімі" ММ мемлекеттік мекемесі бос әкімшілік мемлекеттік лауазымына орналасуға конкурс жариялайды:

Бас маман, санаты Е-Р-4 (үш жасқа дейінгі бала күтімі бойынша демалыс кезеңіне).
Лауазымдық жалақысы қызмет еткен жылдарына байланысты: 56 376 теңгеден 76 235 теңгеге дейін.

Функционалдық міндеттері: Аудандағы эпизоотиялық жағдайы бойынша ақпараттың жиыны, ветеринариялық есеп пен есептілікті жинау, талдау, ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру жүргізуді ұйымдастыру және ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру бойынша деректер базасын жүргізу. Ауыл шаруашылығы жануарларының талдауы мен мониторингі. Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін есепке алуды жүргізу.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар: Жоғары білім: ветеринария мамандығы бойынша. Мемлекеттік қызмет етілі бір жылдан кем емес немесе осы санаттағы нақты лауазымның функционалдық бағытына сәйкес салаларда екі жылдан кем емес жұмыс етілі бар болған жағдайда ортадан кейінгі білім барларға рұқсат етіледі.

Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының "Мемлекеттік қызмет туралы", "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы", "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", "Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы", "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы", Қазақстан Республикасының заңдарын, осы санаттағы нақты лауазымның мамандануына сәйкес салалардағы қатынастарды реттейтін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін, "Қазақстан-2050" Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты стратегиясын білуі. Осы санаттағы лауазымдар бойынша функционалдық міндеттерді орындау үшін қажетті басқа да міндетті білімдер.

Конкурс Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет істері агенттігі Төрағасының 2013 жылғы 19 наурыздағы №06-7/32 бұйрығымен бекітілген Бос әкімшілік мемлекеттік лауазымына орналасуға конкурс өткізу және конкурс комиссиясын қалыптастыру қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) негізінде өткізіледі.

Конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттар:

- 1) Осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысандағы өтініш;
- 2) 3x4 үлгідегі суретпен Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысанда толтырылған сауалнама;
- 3) білімі туралы құжаттардың нотариалды куәландырылған көшірмелері;
- 4) еңбек қызметін растайтын құжаттың нотариалды куәландырылған көшірмесі;
- 5) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақ-

тау министрлігінің 2010 жылғы 23 қарашадағы № 907 бұйрығымен бекітілген (Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілердің тізілімінде 2010 жылы 21 желтоқсанда № 6697 болып тіркелген) нысандағы денсаулығы туралы анықтама;

6) Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігінің көшірмесі;

7) құжаттарды тапсыру сәтінде шекті мәннен төмен емес нәтижемен тестілеуден өткені туралы қолданыстағы сертификат (немесе нотариалды куәландырылған көшірмесі).

Құжаттар конкурстың өтетіндігі туралы хабарландыру соңғы жарияланған сәттен бастап **10 жұмыс күні ішінде** Қостанай облысы, Жітіқара қаласы, 6 шағын ауданы, 65 үй, 24 кабинет мекенжайы бойынша тапсырылуы қажет.

Анықтамалар телефон 2-55-21;

факс 2-55-21, электрондық пошта –

akimat.zhitikara@mail.ru.

Азаматтардың қолма-қол тәртіпте немесе пошта арқылы құжаттарды қабылдау мерзімінде берген құжаттары қоса берілген құжаттары көрсетіле отырып құжат тігілетін мұқабада конкурстық комиссияның қарауына қабылданады. Конкурсқа қатысу үшін құжаттарды электрондық пошта арқылы берген азаматтар құжаттардың түпнұсқасын әңгімелесу басталғанға дейін бір жұмыс күні бұрын кешіктірмей ұсынады.

Әңгімелесуге жіберілген кандидаттар, оны кандидаттарды әңгімелесуге жіберу туралы хабардар ету күнінен бастап **5 жұмыс күні ішінде** "Жітіқара ауданы әкімінің аппараты" ММ-де өтеді.

Конкурстық комиссияның айқындылығы мен әділдігін қамтамасыз ету үшін оның отырысына бақылаушылардың қатысуына болады.

Конкурс комиссиясының байқаушылар ретінде Қазақстан Республикасы Парламентінің және барлық деңгейдегі мәслихат депутаттарының, Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіпте аккредиттелген бұқаралық ақпарат құралдарының, басқа да мемлекеттік органдардың, қоғамдық бірлестіктердің (үкіметтік емес ұйымдар), коммерциялық ұйымдардың және саяси партиялардың өкілдері, өкілетті органның қызметкерлері қатыса алады.

Байқаушы ретінде конкурс комиссиясының отырысына қатысу үшін тұлғалар әңгімелесудің басталуына 1 жұмыс күні қалғанға дейін кешіктірмей "Жітіқара ауданы әкімінің аппараты" персоналды басқару қызметіне (кадр қызметіне) тіркеледі. Тіркелу үшін тұлғалар Жітіқара ауданы әкімі аппаратының персоналды басқару қызметіне (кадр қызметіне) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін, ұйымдарға тиесілігінен растайтын құжаттардың түпнұсқасын немесе көшірмелерін ұсынады.

Азаматтар конкурсқа қатысу шығындарын (әңгімелесу өтетін жерге келу және қайту, тұратын жер жалдау, байланыс қызметінің барлық түрлерін пайдалану) өздерінің жеке қаражаттары есебінен жүргізеді.

"Амангелді ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі бос әкімшілік мемлекеттік лауазымына орналасуға конкурс жариялайды:

1. "Амангелді ауданының Байғабыл ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің жетекші маманы, санаты Е-Г-4.

Лауазымдық жалақысы қызмет атқарған жылдарына байланысты: 48047 теңгеден 64704 теңгеге дейін.

Функционалдық міндеттері: Ауылдық округтегі ішкі саясат мәселелері бойынша Қазақстан Республикасы Президентінің, Үкіметінің актілерін, облыс және аудан әкімдерінің шешімдері мен өкімдерін, аудандық әкімдіктің қаулыларының орындалуына тиісті бақылау жасауды қамтамасыз ету. Жастар саясатын іске асыруға басшылық жасау. Діни бірлестіктер, үкіметтік емес ұйым бірлестіктерімен, оралмандармен өзара іс-қимыл жасау жұмысын жүзеге асыру. Бұқаралық ақпарат құралдары арқылы мемлекеттік саясаттың жүргізілуін қамтамасыз ету. Ішкі саясат мәселелеріне байланысты баяндамалар, хабарламалар жобаларын, талдау материалдарын даярлау, діни бірлестіктердің қарым қатынастарын реттеу. Саяси партиялар, ұлттық мәдени ұйымдармен байланысты жүзеге асыру, ауылдық округ көлемінде хабарламалық насихаттық бағыттағы көрнекті үгіт материалдармен безендіру мәселелерін жүзеге асыру және бақылау жасау. Ауылдық округтегі ауылдың көркею, көгалдандыру, тазалық жұмыстарына бақылау жасау.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар: Білімі жоғары, ортадан кейінгі білім не орта техникалық немесе кәсіптік (заңгерлік, жергілікті және мемлекеттік басқару, педагогикалық, зоотехникалық) білімі барларға рұқсат етіледі.

Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының "Мемлекеттік қызмет туралы", "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы", "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", "Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы", "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы", Заңдарын, осы санаттағы нақты лауазымның мамандануына сәйкес салалардағы қатынастарды реттейтін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін, "Қазақстан-2050" Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты стратегиясын білуі. Осы санаттағы лауазымдар бойынша функционалдық міндеттерді орындау үшін қажетті басқа да міндетті білімдер.

2. "Амангелді ауданының Күмкешу ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің жетекші маманы, санаты Е-Г-4.

Лауазымдық жалақысы қызмет атқарған жылдарына байланысты: 48047 теңгеден 64704 теңгеге дейін.

Функционалдық міндеттері: Ауылдық округтегі ішкі саясат мәселелері бойынша Қазақстан Республикасы Президентінің, Үкіметінің актілерін, облыс және аудан әкімдерінің шешімдері мен өкімдерін, аудандық әкімдіктің қаулыларының орындалуына тиісті бақылау жасауды қамтамасыз ету. Жастар саясатын іске асыруға басшылық жасау. Діни бірлестіктер, үкіметтік емес ұйым бірлестіктерімен, оралмандармен өзара іс-қимыл жасау жұмысын жүзеге асыру. Бұқаралық ақпарат құралдары арқылы мемлекеттік саясаттың жүргізілуін қамтамасыз ету, ішкі саясат мәселелеріне байланысты баяндамалар, хабарламалар жобаларын, талдау материалдарын

даярлау, діни бірлестіктердің қарым қатынастарын реттеу. Саяси партиялар, ұлттық мәдени ұйымдармен байланысты жүзеге асыру, ауылдық округ көлемінде хабарламалық насихаттық бағыттағы көрнекті үгіт материалдармен безендірілу мәселелерін жүзеге асыру және бақылау жасау.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар: Білімі жоғары, ортадан кейінгі білім не орта техникалық немесе кәсіптік (педагогикалық, экономикалық, заңгерлік, жергілікті және мемлекеттік басқару, ақпараттық технологиялар және электрондық машиналардың мамандары) білімі барларға рұқсат етіледі.

Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының "Мемлекеттік қызмет туралы", "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы", "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", "Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы", "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы", заңдарын, осы санаттағы нақты лауазымның мамандануына сәйкес салалардағы қатынастарды реттейтін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін, "Қазақстан-2050" Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты стратегиясын білуі. Осы санаттағы лауазымдар бойынша функционалдық міндеттерді орындау үшін қажетті басқа да міндетті білімдер.

Конкурс Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет істері Агенттігі төрағасының 2013 жылғы 19 наурыздағы № 06-7/32 бұйрығымен бекітілген бос әкімшілік мемлекеттік лауазымына орналасуына конкурс өткізу және конкурс комиссиясын қалыптастыру Қағидалары (бұдан кейін - Қағидалар) негізінде өткізіледі.

Конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттар:

- 1) Қағидалардың 2-қосымшасына сәйкес нысандағы өтініш;
- 2) 3x4 үлгідегі суретпен Қағидалардың 3-қосымшаға сәйкес нысанда толтырылған сауалнама;
- 3) білімі туралы құжаттардың нотариалды куәландырылған көшірмелері;
- 4) еңбек қызметін растайтын құжаттың нотариалды куәландырылған көшірмесі;
- 5) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 2010 жылғы 23 қарашадағы №907 бұйрығымен бекітілген (Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілердің тізілімінде 2010 жылы 21 желтоқсанда №6697 болып тіркелген) нысандағы денсаулығы туралы анықтама;
- 6) Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігінің көшірмесі;
- 7) Құжаттарды тапсыру сәтінде уәкілетті органмен белгіленген шекті мәннен төмен емес нәтижемен тестілеуден өткені туралы қолданыстағы сертификат (не болмаса нотариалды куәландырылған көшірмесі).

Құжаттардың толық емес пакетін ұсыну конкурс комиссиясының оларды қараудан бас тарту үшін негіз болып табылады. Құжаттар конкурс өткізу туралы хабарландырудың соңғы жарияланған күнінен бастап **10 жұмыс күні ішінде** ұсынылуға тиіс. Азаматтардың қолма-қол тәртіпте немесе пошта арқылы құжаттарды қабылдау мерзімінде берген құжаттары (қоса берілген құжаттары көрсетіле отырып құжат тігілетін мұқабаға салынған) конкурстық комиссияның қарауына қабылданады. Конкурсқа қатысу үшін құжаттарын электрондық пошта арқылы берген азаматтар, құжаттардың түпнұсқасын әңгімелесу басталғанға дейін бір жұмыс күнінен кешіктірмей ұсынады.

Әңгімелесуге жіберілген кандидаттар олардың әңгімелесуге жіберілгендігі туралы хабарламаны алған күннен бастап **5 жұмыс күні ішінде** әңгімелесуден өтеді.

Мекенжай: Қостанай облысы, Амангелді ауданы, Амангелді ауылы, Майлин көшесі, 14 үй, "Амангелді ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі анықтама үшін телефон/факс (8-714-40)21295, 21870; факс (8-714-40)21870, электрондық мекенжай E-mail: amangeldy@kostanay.gov.kz

Конкурстық комиссияның айқындылығы мен әділдігін қамтамасыз ету үшін оның отырысына бақылаушылардың қатысуына болады.

Конкурстық комиссияның бақылаушылары ретінде Қазақстан Республикасы Парламентінің және барлық деңгейдегі мәслихаттардың депутаттары, Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген аккредитация алған бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері, басқа да мемлекеттік органдардың, қоғамдық бірлестіктердің (үкіметтік емес ұйымдар) коммерциялық ұйымдар мен саяси партиялардың өкілетті қызметкерлері қатыса алады.

Конкурстық комиссияның отырысына бақылаушы ретінде қатысу үшін әңгімелесу өткізудің басталуына бір жұмыс күннен кешіктірмей, Амангелді ауданы әкімі аппаратының кадр қызметі бөлімінде тіркеледі. Тіркелу үшін тұлға Амангелді ауданы әкімі аппаратының кадр қызметі бөліміне жеке куәлігінің көшірмесін, ұйымға жататынын растайтын құжаттардың түпнұсқасын немесе көшірмесін ұсынады.

Конкурсқа қатысу бойынша шығындар (әңгімелесу өтетін жерге және кері қарай жол жүру, тұрғын үй-жай жалдау, тұру, барлық түрдегі байланыс қызметтерін пайдалану) азаматтардың өз қаражаттары есебінен жүргізіледі.

● "САЛАМАТТЫ ҚАЗАҚСТАН"

Екпенің бала денсаулығына зияны жоқ

Соңғы жылдары балаларда кездесетін түрлі жұқпалардың алдын алу үшін егілетін вакцина-ларға ата-аналар қарсылығы бой көсеткенінен хабардармыз. Балаларға екпе /вакцинация/ жасау – адамзаттың үздік жетістіктерінің бірі. Екпе арқылы жер шарында миллиондаған бала өлімнен, мүгедектіктен аман қалды. Бір кездері талай тағдырды үзген шешек /оспа/ ауруының жойылуы бұл сөзіміздің дәлелі. 1977 жылғы қазаннан бастап дүниежүзінде шешекпен ауырған бірде-бір науқас тіркелмеген. Осыған байланысты КСРО заманында 1979 жылы шешек ауруына қарсы балаларды егу тоқтатылып, екпе күнтізбесінен ысырылды. Күні бүгінге дейін қауіпті жұқпалы аурулардың қатарында болған полиомелит те жойылудың аз-ақ алдында, бұл да екпе жасаудың нәтижесі. Алайда, өлі де екпе жасау арқылы жоюға немесе әлсіретуге болатын жұқпалардан жер бетінде жыл сайын 4 миллионға жуық бала өлім құшады екен. Бірақ инфекция жұқтырған балалардың қанша-сы мүгедек болғандығын, оларды емдеуге, сауықтыруға кеткен қаражаттың мөлшерін нақты есептеп шығару мүмкін емес. 2009 жылғы 30 желтоқсанда Қазақстан Үкіметі "Қарсы профилактикалық егу жүргізілетін аурулардың тізбесін, оларды жүргізу ережесін және халықтың жоспарлы егілуге жатқызы-

латын топтарын бекіту туралы" №2295 қаулы қабылдағанды. Сол құжатқа сәйкес, инфекциялық және паразиттік ауруларға қарсы профилактикалық егулер республикалық және жергілікті бюджет қаражаты есебінен қамтамасыз етіледі. Екпелердің едәуір бөлігіне мемлекет тарапынан қаражат бөлінеді. Жергілікті бюджет "А" вирусты гепатиті, тұмау, күйдіргі, туляремияға қарсы егулерді қаржыландырады. Аурулардың алдын алу мақсатында егілетін екпенің алғашқысы нәресте дүниеге келген бойда перзентханада егілсе, одан кейінгілері кезек-кезеңмен 56 жасқа дейін егіліп отырады. Инфекция – адам талғамайды. Сондықтан, біреңсаран қарсылық көрсеткендерге де мұқият түсіндіру жұмыстарын қолға алып, міндетті түрде егу жұмыстарын жүргізу керек. Міне, әлем халқы вакцинасы жоқ жұқпалы аурулардан зардап шегіп жатқанда, алдын алу вакцинасы белгілі қауіпті дерттен сақтандыратын екпелерге ата-аналардың қарсы шығуы ақылға сыйымсыз. Қазіргі таңда 27 түрлі ауруды вакцинамен ауыздықтауға болатыны анықталған. Яғни, жұқпалы ауруларға қарсы күрестегі бірден-бір құрал, халықты егумен толық қамту екенін жұртшылықтың жаппай түсінуі маңызды. Дәрігерлердің айтуынша, вакцина биопрепарат болған соң, егуден кейінгі асқыну (баланың

дене қызуының жоғарлауы, жергілікті ісінулер, аллергиялық реакциялар) болуы мүмкін. Бірқатар ата-аналар осы аталған асқынуларды желеу қылып, екпеден бас тартуда. Ұрпағымыздың дені сау болып, ұзақ өмір сүруі үшін мемлекет тегін ұсынып отырған екпелерден неге бас тартамыз. Жұқпаға қарсы егілмеген бала сол жұқпалардың қайнар көзі болып саналады, яғни, инфекцияны таратушы. Ал егілген бала, тіпті ауырып қалған жағдайда да ауруы өте жеңіл түрде өтеді.

Балалар – елдің болашағы. Олар – біздің ұлы байлығымыз. Сол үшін де балаларға келешекке жетелейтін тура жол көрсетіп, дені сау ұрпақ өрбіту қажет. Бұл жерде ата-ананың да ролі үлкен. Егер ата-ана да денсаулығына мән беріп, салауатты өмір салтын ұстанса, сөз жоқ, ондай ата-анадан дені сау бала өмірге келеді. Ал дені сау бала – жарқын болашақты қалыптастырып, еліміздің гүлденуіне септігін тигізеді анық.

Сондықтан, екпеден бас тартпай балаларымызға екпе салдыртуға асығайық!

А.ОСПАНБЕК,
"Амангелді аудандық
Тұтынушылардың құқықта-
рын қорғау басқармасы" РММ
басшысы.
К.АХМЕТОВА,
"Амангелді аудандық
Тұтынушылардың құқықта-
рын қорғау басқармасы" РММ
жетекші маманы.

70 адам қауіпсіз жерге көшірілді

Облыстық ТЖД баспасөз қызметі хабарлағанындай, 12 сәуір күні Арқалық қаласы Қайыңды селолық округіне қарасты Қызылжұлдыз ауылының 70 тұрғыны қауіпсіз жерге көшірілді.

ТЖД баспасөз қызметі мәліметтеріне қарағанда, Қараторғай өзеніндегі су деңгейі шамамен 7 метрге дейін көтерілген. Амангелді ауданының Иманов ауылы мен Қызылжұлдыз ауылының арасында мұз кептелісі бар деген болжам жасалды. Елді мекенді су басып кету қаупінің алдын алу мақсатында жергілікті атқарушы органдар мен Арқалық қаласы ТЖБ қызметкерлері қауіпсіздік шараларын қарастыруда. "Барлығы 70 адам көшірілді. 20 адам жеке көлігімен Арқалық қаласына кетті. 50 адам осы ауылдағы биікте орналасқан бес үйге көшірілді. Село тұрғындарының нақты саны 230 адам", – делінген хабарламада. Көшіру жұмыстары жүргізілген жерде Арқалық қаласының әкімі, қала прокуроры және ТЖД жеке құрамы бар.

● ОҚИҒА

Поездың астына түсті

Облыстық ТЖД баспасөз қызметі хабарлағанындай, 12 сәуір күні таңғы сағат 10.20-да Тобыл стансасында оқыс оқиға болды.

Тобыл-Астана бағытындағы №2006 жүк поезы темір жолдың үстінде адам жатқандықтан шұғыл тоқтауға мәжбүр болды. Сол жерден ер адамның мәйіті табылды. Алдын ала болжамға қарағанда 1982 жылғы азамат өзін-өзі өлтірмек болып, поездың астына түскен. Істің мән-жайы анықталуда.

Әйет өзеніндегі жарылыс жұмыстары

Таран ауданының Таран ауылына жақын орналасқан Әйет өзенінде ортақ аумағы 6.686 шаршы метр болатын екі жарылыс жұмысы жүргізілді. Жарылыс мұздардың жүруі басталғанға дейін мұздарды қопсыту мақсатында, тасқын суды апатсыз өткізу және мұз тежелуінің алдын-алу үшін жүргізілді. Таран ауданы аумағында мұзды-жару жұмыстарын жүргізу үшін "Қазақвзрывпром" АҚ "Қостанайвзрывпром" филиалында жарғыштар бригадасы құрылды.

Жарылыс жұмыстарының ауданындағы мұздың қалыңдығы 40-50 см., екінші жарылыс барысында 90-100 см. құрады. Жарылыс жұмыстарын жүргізуге барлығы 31 адам және 10 техника бірлігі қатысты.

Келесі күні Әйет өзенінде Таран ауданының Май ауылына жақын жерде аумағы 7.350 шаршы метр жарылыс жұмыстары жүргізілді. Жарылыс жұмыстары ауданындағы мұздың қалыңдығы 1 метрді құрады.

Құрметті қостанайлықтар!

Көктемгі абаттандыру, көгалдандыру мен тазалық айлығы шеңберінде 16 сәуір жалпықалалық санитарлық тазалық күні болып белгіленді. Барлық саладағы және меншік түріндегі кәсіпорындардың, мекемелердің, ұйымдардың еңбек ұжымдарын, жалпы білім беретін, орта және жоғары оқу орындарының басшылары мен оқушыларын, қала тұрғындарын: көп пәтерлі тұрғын үйлердің және жеке тұрғын үйлердің иелерін, осы күні сағат 14.00-де басталатын сенбілікке белсенді түрде қатысуға шақырамыз.

"Аспантай" шаруа қожалығының басшысы Қоңқабаев Бағытжан Аманжоловичтің сенімді тұлғасы Қыпшақбаев Нұржан Айткенович кепілдік мүлкті соттан тыс өткізу тәртібімен Қостанай облысы, Ұзынкөл ауданы, Петропавл селолық округі аумағында орналасқан шаруа қожалығын жүргізуге арналған алаңы 130,9 га, кадастрлік нөмірі 12-184-011-103, алаңы 217,5 га, кадастрлік нөмірі 12-184-011-096, бөлінетін жер телімдеріне уақытша өтеулі ұзақ мерзімді жер пайдалану құқығын сату жөнінен сауда өткізілетіні туралы хабарлайды. Сатып алу бағасы қолма-қол ақшалай қаражатпен сауда өткізілген сәттен бастап 10 күнтізбелік күн ішінде енгізіледі. Сауда 2015 жылғы 27 сәуірде сағат 10.00-де мына мекенжайда болады: Ұзынкөл ауданы Белооглинка селосы. Өтінімдер 2015 жылғы 26 сәуір сағ. 17.00-ге дейінгі мерзімде сенімді тұлғаның орналасқан жерінде қабылданады: Қостанай облысы, Ұзынкөл ауданы, Ұзынкөл селосы, Ш.Уәлиханов көш., 72 үй, тел: 87144421738.

ЕСКЕ АЛУ

Еске алу

Ерғалиев Азамат Қанатбекұлы. Бұл есім оған жақын жандардың есінде мәңгі сақталады. Азамат тірі болғанда, 37 жасқа толар еді. Алланың берген ғұмыры оған қысқа болыпты. Жасындай жарқ еткен Азаматты сұм ажал ортамыздан алып кетті. Азамат Қанатбекұлы қамшының сабындай қысқа ғұмырында ардақты әке, аяулы жар, адал дос қана емес, Торғай даласын ән мен жырға бөлеген, ерек дарын иесі болды. Көмейінен жыр төгілген сұңғыла әнші жігіттің серісі еді. Дос-жаранға ардақты, Азамат атына лайық болған жанның артында үкілеген үміті балалары қалды, аяулы жары қалды. Бүгінде отын өшірмей, түтінін түтетіп отыр. Қасиетті қазақ жерінің бір талантты баласы өмірден озды. Десе де, оның жарқын бейнесі, күміс дауысы баршамыздың жүрегімізден өшпес орынын тапты. Алла жәннаттың төрін бұйыртсын, Азаматымызға.



Ағып жатыр өмір деген сарқырап
Қалай ғана жоқ дей алам, арғымақ.
Жалған өмір, жалған дүние болса да,
Қарай берем сол жұлдызға
Жанып тұрған жарқырап.
Қарай берем, неге екенін білмеймін
Оп жарықты мен ешкімге бермеймін
Балаларың, "Әкем қайда?" деп тұрса,
Жарқыраған сол жұлдызды сен деймін.
Иә, иә өтіп жатыр бұл өмір,
Иығымда тұрғандай бір зіл темір
Сол зілменен жүріп келем адымдап,
Жарық емес, қараңғыдай бұл өңір.
Жатқан жерің жарық болсын жарығым!
Маңдайыма жазылыпты тағдырым,
Енді қайтіп келмесінді білсем де,
Жан айқаймен қайталаймын "Сағындым!"
Көресің бе, қарайсың ба сен бізге?
Күбірлесе сөйлесемін кей кезде.
Сағындырып түсіме бір енгенде
Қуанамын кездесуден келгендей.
Азаматым, жан жүрегім, жан жарым
Мүшеліңе жете алмадың, ардағым.
Дұға етеміз қабіріңнің басында.

Туған-туыс, балаларың, жан-жарың.

"Новотроицк-1" ЖШС қатысушыларының кезектен тыс жалпы жиналысын өткізу туралы хабарландыру

"Новотроицк-1" ЖШС 2015 жылғы 30 сәуір сағ. 09.00-де мына мекенжайда: Қарабалық ауданы, Новотроицк селосы, "Новотроицк-1" ЖШС кеңсесінде қатысушылардың кезектен тыс жалпы жиналысы болатынын хабарлайды.

Күн тәртібінде (мәселе):

1. "Алтын-Асық" бағдарламасы бойынша МРС дамытуға заем алу үшін "Аграрная кредитная корпорация" АҚ-ға жүгіну туралы.
2. Кепілдік алу үшін "Еуразиялық Банк" АҚ жүгіну. "Новотроицк-1" ЖШС міндеттемені орындауды қамтамасыз ету ретінде "Еуразиялық Банк" АҚ-ға да жылжытын және жылжымайтын мүлкті кепілге ұсынады.
3. "Еуразиялық Банк" АҚ-ның мүлкі соттан тыс өткізуге келісімін жасалған келісім-шарттар бойынша "Новотроицк-1" ЖШС міндеттемелерін орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда ғана беру.
4. "Новотроицк-1" ЖШС-нің "Еуразиялық Банк" АҚ алдындағы міндеттемелері бойынша кепілдікті ұсыну үшін байланысты компанияларға жүгіну;
5. Директорға осы шешімді орындау үшін қажетті барлық келісімдерге/келісім-шарттарға қол қою өкілеттігін беру.

Объявление о проведении внеочередного общего собрания участников ТОО «Новотроицк-1»

ТОО «Новотроицк-1» сообщает, что 30 апреля 2015 года в 09.00 часов по адресу: Карабалыкский район, с. Новотроицкое, контора ТОО «Новотроицк-1» состоится внеочередное общее собрание участников.

Повестка дня (вопроса):

1. Обращение в АО «Аграрная кредитная корпорация», для получения займа на развитие МРС по программе «Алтын-Асық».
2. Обратиться в АО «Евразийский Банк» за получением гарантии, в качестве обеспечения исполнения обязательств ТОО «Новотроицк-1», предоставляет банку в залог движимое либо недвижимое имущество.
3. Предоставление согласия АО «Евразийский Банк» на внесудебную реализацию: имущества только в случае неисполнения или ненадлежащего исполнения обязательств ТОО «Новотроицк-1» по заключенным договорам/соглашениям.
4. Обратиться к связанным компаниям за предоставлением гарантии по обязательствам ТОО «Новотроицк-1» перед АО «Евразийский Банк».
5. Наделение директора полномочиями на подписание всех договоров/соглашений необходимых для исполнения настоящего решения.

Утеулина Наталья Валентиновна сенімді тұлғасы Турбабин Илья Леонидович, кепілдік мүлкті соттан тыс өткізу тәртібімен Қостанай облысы, Қостанай ауданы, Майкөл ауылдық округінің аумағында орналасқан шаруа қожалығын жүргізуге арналған: кадастрлік нөмірі 12-183-070-328, көлемі 38,0 га; кадастрлік нөмірі 12-183-070-329, көлемі 14,2 га; кадастрлік нөмірі 12-183-070-080, көлемі 176,0 га; кадастрлік нөмірі 12-183-070-081, көлемі 69,0 га бөлінетін жер учаскесіне жер пайдалану (жалдау) құқығын сату жөнінен сауда өткізеді. Сатып алу бағасы қолма-қол ақшамен сауда өткізілген сәттен бастап 5 күнтізбелік күн ішінде енгізіледі. Сауда 2015 жылғы 27 сәуір 10.00 сағатта мына мекенжайда болады: Қостанай ауданы, Майкөл а., Школьная көшесі, 12 үй, 2 пәтер. Өтінімдер 2015 жылғы 26 сәуір 18-00 сағатқа дейінгі мерзімде сенімді тұлғаның орналасқан жерінде қабылданады: Қостанай ауданы, Майкөл а., Школьная көшесі, 12 үй, 2 пәтер, телефон - 8-707-191-91-80

Доверенное лицо Утеулиной Натальи Валентиновны Турбабин Илья Леонидович в порядке внесудебной реализации заложенного имущества, объявляет о проведении торгов по продаже права временного возмездного землепользования (аренды) на земельные участки, расположенные на территории Майкольского сельского округа, Костанайского района, Костанайской области, предназначенные для ведения крестьянского хозяйства: кадастровый номер 12-183-070-328, площадью 38,0 га; кадастровый номер 12-183-070-329, площадью 14,2 га; кадастровый номер 12-183-070-080, площадью 176,0 га; кадастровый номер 12-183-070-081, площадью 69,0 га. Покупная цена выносится наличными деньгами в течение 5-ти календарных дней с момента проведения торгов. Торги состоятся 27 апреля 2015 года в 10.00 часов по адресу: Костанайский район, с. Майколь, улица Школьная, дом 12, квартира 2. Заявки принимаются в срок до 18-00 часов 26 апреля 2015 года по месту нахождения доверенного лица: Костанайский район, с. Майколь, улица Школьная, дом 12, квартира 2, телефон для справок - 8-707-191-91-80

Түзету

Газеттің 2015 жылғы 10 сәуірдегі №39(18248) санында жарияланған Қостанай облысы әкімдігі қаржы басқармасының хабарландыруында қате кетті. "5. "Subaru Legacy Outback" автомашинасы, м/н Р 969 CD, Федоров ауданы, Пешков с., Ленин көш.,5 (техникалық бұзылған) деген тармақтағы (техникалық бұзылған) деген сөздер (техникалық ақаусыз) деп оқылсын. 9,10 тармақта "Арқалық қ., Байтұрсынов көш.,10" деп мекенжай қате көрсетілген. Дұрысы: "Арқалық қ., Байтұрсынов көш.,40".

Қостанай облыстық туберкулезге қарсы диспансерінің бас дәрігері Исаков Іңкәр Серкешұлына анасы

Тәнзилә Асанқызының

ұзаққа созылған науқастан қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтамыз.

Арқалық өңірлік туберкулезге қарсы диспансер ұжымы.

● АНА ТІЛІҢ – АРЫҢ БҰЛ

Қазақ тілінің мәртебесін түсірмейік

Қала көшелеріндегі жарнамалық тақташалар мен жеке кәсіпорындар атауларына қарасаң қазақ тілін осылайша қорланғаны үшін ішің удай ашиды. Бұл қателерді тізбекке жинай берсек, оның ұзыннан ұзақ созылары да қынжылтады.



Авто жуғыш (Таран мен Бородин көшелерінің қиылысы)

Мына көлік жуатын орынның жарнамалық тақташасының тұрғанына көп жыл болды. Орталық көшелердің бірі. Бажырайып тұрған бұл қатені тек зағип адам көрмес.



(Ф.Қайырбеков көшесі)

Мемлекеттік тілге осылайша немқұрайлы қарап, өрескел қателерге жол берген жеке меншік кәсіпкерлерді тек прокуратураға арыз жазып, сот арқылы жауапкершілікке тартуға болады екен. Заң бойынша тілдерді дамыту басқармасы тек "10-15 күн ішінде қатенізді түзеңіз" деген ұсыным хат жолдаудан басқа шара қолдана алмайды. Кәсіпкерлерді тексеруге тыйым салатын мораторий де құзырлы мекеменің қолын байлап отыр.

P.S. Құрметті оқырман! Ана тіліміздің туған елімізде мәртебесін түсірмейік десек осы мәселеге бей-жай қарамайық. Тіл жанашырлары бар болса, прокуратураға хат жолдап немесе "Қостанай таңы" газетінің сайтына қазақ тіліндегі жазуда тапқан қатеніз туралы өз фото суреттеріңізді жолдауыңызға болады. Ол суреттер топтастырылып, сайтқа жарияланады.

Махаббат БЕКБАЙ.

Хабарсыз кеткен ағамызды іздейміз

Хамит Байболсынұлы Қосжанов 1926 жылы Меңдіқара ауданы Шолақсай селосында туған. 1943 жылы 17 жасында соғысқа кетті. Анам сол баласын аман келер, бір жерде жүрген шығар деп көп күтті. Күте-күте сары уайымға салынып, өзі де қайтыс болды. Хабарсыз кетті деп хат келіпті, бірақ анам: "мен өзім көзіммен көрген емеспін" деп күдер үзбепті. Сол ағамыз соңғы хатында былай деп жазыпты: "Ертең Сталинградқа кіреміз".



Біз 2007 жылы теледидардағы "Бармысың, бауырым" бағдарламасына хабарласып, іздеу салдық. Бірақ еш хабар ала алмадық. Еш жерде жазылмаған. Ендігі тілегіміз сол ағамыздың есімі туған жерінде ескерткіш тақтаға немесе "Даңқ кітабына" жазылса екен.

Іздеу салушы қарындастары: Бағытжамал, Үміт Байболсын қыздары.
Қостанай қаласы.



Дүкен деген жазу (Шевченко көшесі)

Қала көшелеріндегі тақталар мен мекемелер маңдайшаларында қазақ тіліндегі жазуларда өріп жүрген қателер туралы Қостанай қалалық әкімдігінің мәдениет және тілдерді дамыту бөліміне хабарласқан едік. Аталмыш бөлімнің мемлекеттік тіл бойынша маманы Сәния Молдашованың айтуынша, ақпан айында мониторинг жүргізілген. Мемлекеттік тілдегі жазуда қате анықталған мекемелерге ұсыным хаттар таратылды, дейді. Енді сәуір айының соңында мамандар көше-көшелерді аралап, рейд жасамақ.



Авто жуғыш (Абай даңғылы мен Лермонтов көшесінің қиылысы)

Осы мекемелердің иелері тақтаға тапсырыс берер алдында оның мәтінін тіл мамандарына көрсетіп алу мүмкін болмады ма екен деген ой туады. Осыншама уақыттан бері қатемен көзін шұқыған құзырлы орган қайда екен деп те ойлайсың.

Өнерімен тәнті етті

Жақында Алматы қаласында "Күш шуақ" қоғамдық қорының ұйымдастыруымен өткен "Рауан" республикалық фестиваль-байқауына Жанат Әлімбаева жетекшілік ететін би бөлімінен



Гүлфайруз Қарекен мен Аймекен Сапарова "Ұйғыр", "Қазақ" билерін орындап, жүлделі I-ші орынға ие болды. Сондай-ақ байқауға вокал бөлімінің Бибігүл Сұлтанова шәкірті Алтыннай Жанабай Т. Мұхамеджановтың "Құс жолы", Ш.Қалдаяқовтың "Отырардағы той" әндерін орындап, I орынды жеңіп алды. Арайлым Әлібаеваның оқушысы Жансая Сәбитбек Қыздарбектің "Сылқым қыз", Қазанғаштың "Домалатпай Ақжелең" шығармаларын орындап жүлделі II орынды еншіледі. "Күн шуақ" қоғамдық қорының президенті С.Ковалерова қатысушыларды жоғарғы кәсіби шеберлікпен дайындағаны үшін жас өнер иелерінің жетекшілерін марапаттап, бөлімдер бойынша жеңімпаздарға Кубок табыс етті.

"Ұша білген қанатқа дүние кең". Қанаттары талмай үлкен биіктерден көрінген өнерлі өрендерге табыстың шыңына жетуіне тілектеспіз. Торғай елінің атын шығаратын жастар көп болғай!

Г. САРСЕНГЕЛДИНА,

Б.Хамзин атындағы өнер мектебінің мұғалімі.

Жанкелдин ауданы.

● СПОРТ

Жерлесіміз жарады



Жақында Ақмола облысының Есіл қаласында еркін күрестен М.Балжиевты еске алуға арналған ашық облыстық турнир өткен болатын. Аталмыш бәсекеде бақ сынаған жерлесіміз Нина Капачану "алтын" жүлдені иеленді.

Еліміздің бірқатар облысының белді палуандары қатысқан турнирде Нинаға тең келер қарсылас табылған жоқ. Бұл жолы ол 25 келі салмақта өнер көрсеткен еді. Жеңіске жетер жолда жерлесіміз Есіл, Павлодар және

Көкшетау палуандарынан басым түсіп, бас жүлдені олжалады.

— Бұл жарысқа тыңғылықты дайындалдық. Төккен теріміз да- лаға кеткен жоқ. Бапкерімнің ма- ған артқан сенімін ақтағаным-а қуаныштымын, — дейді Нина Ка- пачану.

Жас палуанды дүбірлі додаға аудандық балалар мен жасөспі- рімдер спорт мектебінің жаттық- тырушысы Нұрсұлтан Баязитов дайындады.

Биік белестерді бағындырып жүрген Нинаға алдағы уақытта да осы жолдан таймай, мақсаттары- на жете бер демекпіз.

Жаңабай АХМЕТОВ.

Қарасу ауданы.

Меншік иесі:

"Қостанай таңы" газеті редакциясы" ЖШС

**Директор-Бас редактор
Жанұзақ
АЯЗБЕКОВ**

Директор-бас редактордың қабылдау бөлмесі: 54-12-66, факс: 54-99-69

Директор-бас редактордың орынбасарлары: 54-84-44, 54-67-65

Жауапты хатшы: 54-33-22

Бөлім редакторы: 54-79-68, 54-28-42

Бөлімдер:

Қоғамдық-саяси, экономика: 54-79-36

Әлеумет, білім, мәдениет: 54-26-42

Фототілшілер 54-73-36

Социологиялық зерттеу орталығы: 54-53-21, 39-26-25

Жарнама бергізгіз келсе: 39-26-88



Бухгалтерия: 54-99-88, 39-26-88
Компьютер орталығы: 54-54-45
Корректур: 54-34-49

Меншікті тілшілер:

Арқалықта: 7-55-91

Аманкелдіде: 2-17-40

Жанкелдинде: 2-10-75, 5-00-02

Рудныйда: 5-57-60

Сарыкөлде: 2-25-17

Редакцияның мекенжайы:

110000, Қостанай қаласы,

Әл-Фараби даңғылы, 90

Газетте жарық көрген оқырман пікірі редакция көзқарасымен сәйкес келе бермейді. Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді, оны қайтармайды. Үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды. "Қостанай таңында" жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды. Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауап береді.

Ⓐ – ақылы жарияланым.

Газет аптасына үш рет шығады. Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінде 30.05.2012 жылы тіркеліп, № 12790-Г куәлігі берілген.

Газет "Қостанай таңының" компьютер орталығында теріліп, беттелді. Офсеттік басылым. "Қостанайский Дом печати" ЖШС баспаханасы.

Мекенжайы: Майлин көшесі, 2/3. Бағасы келісім бойынша.

Таралымы 11398. Тапсырыс 775.

Нөмірдің кезекші редакторы: Қымбат ДОСЖАНОВА.